



ЖЕҢІЛІС

шығымасы

№ 7 (8895)
жұма 18 ақпан
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ БОЛҒАН САПАР

КҮЛТӨБЕ

ӨТКЕН АПТАДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ВЛАДИМИР ПУТИННИҢ ШАҚЫРУЫМЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ. БҮЛ – ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ОСЫ ЕЛГЕ ЖАСАҒАН БИЫЛҒЫ АЛҒАШҚЫ САПАРЫ. ЕКІ КҮННІҢ ІШІНДЕ, Яғни 10-11 АҚПАН КҮНДЕРІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘУЕЛІ МӘСКЕУДЕ, СОДАН КЕЙІН РЕСЕЙДІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН АЙМАҒЫ – ТАТАРСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛДЫ.



Біздің Президентіміз Владимир Путинмен Мәскеуде жоғары деңгейде мазмұнды, ең бастысы табысты кездесу өткізді. Екі көшбасшының айтуынша, 4 сағаттан астам уақытқа созылған әңгіме Қазақстан мен Ресей арасындағы күн тәртібінде тұрған қазіргі өзекті мәселелерді ашық әрі өзара сенім негізінде талқылауға мүмкіндік берді.

Келіссөз форматының ашық болғаны сондай президенттер әлеуметтік ара қашықтықты сақтамай, қол алысып, бір-бірімен төс қағыстырып амандасты. Осыдан-ақ кездесудің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын байқауға болады. Қазіргідей «ковид» кезінде мұндай жоғары деңгейде қабылдау – сирек кездесетін жағдай. Иран, Франция сияқты елдердің Президенттерін салқын қабылдап, олармен үлкен ақ үстелдің екі басында отырып келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің кездесуі Кремльдің Каминный залында өтті. Хаттама бойынша президенттер бір метр ара қашықтықта отырды. Қазақстан Президентімен кездесудің ерекше форматта өтуі екі елдің шынайы достық қарым-қатынаста екенін көрсетеді. Мұндай ерекше ілтипатты былтыр жыл соңында Санкт-Петербургте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттердің саммитінен де байқауға болады.

Владимир Владимирович пен Қасым-Жомарт Кемелұлы қала көшелерімен жүргенде бір көлікке отырып, мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастарды талқылады.

Екі ел басшыларының Кремльде өткен келіссөздері білім беру, цифрландыру, ғарышты игеру салалары мен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бағытында мамандар даярлау ісі бойынша маңызды келісімдер топтамасына қол қоюмен аяқталды.

Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары желісін кеңейту, сондай-ақ біздің «Болашақ» бағдарламасы аясында қажетті ма-

мандар даярлау жөнінде маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұл бағыт бойынша Алматыда МИФИ-дің, Атырауда Губкин атындағы университеттің филиалдарын ашу жұмыстары басталып та кетті. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетімен және басқа да бірқатар оқу орнымен олардың өкілдіктерін ашу жайында келіссөздер жүргізілуде. Қазақстанның «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы Ресей Федерациясының МИФИ, МФТИ, Губкин атындағы РМУ, Бауман атындағы ММТУ, ИТМО, МИСиС сияқты жетекші алты техникалық университеті мен «Болашақ» бағдарламасы аясында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойды.

Осы тұста аталған мәселе бойынша Қасым-Жомарт Кемелұлының аса пайдалы ұсынысын қолдаған Владимир Путиннің ерекше ықыласын атап өткен жөн.

Қазақстан Президентінің пікірінше, осы игі бастамалар жастарымыздың озық техникалық білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Ресей Федерациясы Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрлігі цифрландыру саласында тәжірибе алмасу туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат цифрлық даму саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, соның ішінде екі елдің мемлекеттік қызметшілеріне қажетті техникалық және ұйымдастырушылық дағдыларды үйретуге бағытталған.

Сондай-ақ тараптардың цифрлық сала басшыларын даярлау бағдарламасын бірлесіп іске асыру, IT мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттырудың қарқынды бағдарламасын іске қосу, Astana Hub халықаралық

технопарк базасында цифрлық трансформация құралдарын қамтамасыз ету және қолдау жөнінде келісім жасалды. Сонымен бірге елдеріміздің цифрлық трансформациясы аясында жасанды интеллект құралдарын қолдану және ауқымды деректерді талдау саласында тәжірибе алмасуға уағдаласты.

Келіссөз «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Трансмашхолдинг» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы маңызды келісіммен қорытындыланды. Бұл құжат маневрлі және магистральде локомотивтерді, жүк вагондарын және Ресей теміржол машина жасау саласының басқа да өнімдерін жеткізуді көздейді. «Трансмашхолдинг» – темір жол машинасын жасау саласының ірі өндірушісі және ұзақ жылдан бері Қазақстан темір жолының негізгі серіктестерінің бірі.

Кездесу барысында Владимир Путин Ресейдің Қасым-Жомарт Тоқаевты барынша қолдайтынын айтты.

– Біз Ресей мен Қазақстанның ынтымақтастығы одан әрі кеңейіп, арта түсетініне сенімдіміз. Қазақстан Президенті өз елінде азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлықты жоюға, экономиканы жаңғыртуға, елдің зқүштік құрылымдарын нығайтуға бағытталған бірінші кезектегі шаралардың кешенді жоспарын іске асыра бастайтынын айтты. Біз қазақстандық әріптестерімізге бекітілген жоспарларының табысты орындалуына тілектеспіз және бұған жан-жақты көмектесуге дайынбыз, – деді Ресей Президенті.

Биыл Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынастар тарихында атаулы дата бар екенін атап өткіміз келеді. Бұл елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы. → 2-бет

ҚҰРАН БАҒЫШТАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

КҮЛТӨБЕ

Мемлекет басшысы Хазірет Сұлтан мешітіне барып, қаңтар оқиғасы кезінде қайтыс болған азаматтардың рухына Құран бағыштау рәсіміне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Құран бағышталған соң арнайы сөз сөйледі. Қазақстан Президенті биылғы жыл еліміз үшін қайғылы оқиғадан басталғанын, халқымыз өте қиын күндерді бастан өткергенін айтты.

– Мемлекетіміздің тұтастығына, азаматтарымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің болашағына қауіп төнді. Біз лаңкестерге дер кезінде тойтарыс беріп, бетін қайтардық. Өкінішке қарай, дүрбелеңде бірқатар азаматымыз қаза тапты. Бұл – нағыз қасірет. Қазіргі таңда тиісті мекемелер азаматтардың әрбір ісі бойынша тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Адам құқығын қорғау мәселесі мен үшін аса маңызды. Қайғылы жағдай бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осыған байланысты Жалпыұлттық аза тұту күні жарияланғанын еске салды.

– Сол қасіретті оқиғадан бері 40 күн өтті. Бүгін марқұмдардың рухына құран бағыштау үшін мешітке арнайы келдім. Қаза болған адамдардың жақындарына тағы да көңіл айтамын. Мемлекет қаралы шаңырақтарды қараусыз қалдырмайды. Мен қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетуді тапсырдым, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қоры да осы қайырымдылық жұмысқа атсалысады деп ойлайтынын, енді халқымыздың тыныштығын бұзуға жол берілмейтінін жеткізді.

– Халқымыздың береке-бірлігі мен тыныштығын бұзуға жол бермейміз. Бұл – биліктің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ борышы. Мұндай қасірет ешқашан болмасын!, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзінің соңында Президент Қазақстан халқына сабыр, елімізге амандық, жұртымызға тыныштық тіледі. Сонымен қатар ескелең ұрпақ үшін тұтас ел болып Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырды.

ЕРЛІКПЕН ӨТКЕН ЕСІЛ ЕРЛЕР ЕЛ ЖАДЫНДЫ

ТАҒЫМ

Жуырда аудандық 15-603 әскери бөлімінде Ауған соғысында қаза тапқан батырларды еске алып, рухына тағзым өтті. Он жылға жуық уақытқа созылған соғыста Қазақстаннан 22269 жауынгер интернациональдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты. 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған азамат елге мүгедек болып оралды. Қанша қазақ отбасына қасірет әкелген Ауған соғысы ел үшін осылай аяқталған еді. Сондықтан елімізде жыл сайын соғыста қаза болған ерлердің рухына тағзым өтіп, еске алу күні өтеді.



Жиын бір минут үнсіздікпен басталды. Жыйылған қауым интернационалист батырлардың құрметіне ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Быыл Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 33 жыл толады. Алды егде тарта бастаған, соңы жігіт ағасы болып қалған ауған соғысының ардагерлеріне аудандық мәслихат хатшысы Қанат Сатанов интернациональдық борышын өтеу кезінде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін «Қара майор» медальдарын табыстады.

Өмір сүре білудің қадірін бір білсе, бейбіт күнде соғыс отын көріп келген осы жандар білер! Сондықтан олар достықты, туыстықты, денсаулықты – жалпы тірліктің мәнін жоғары қояды. Олардың әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті – кейінгі ұрпаққа үлгі. Адамзат үшін соғыс қаралы ұғым. Өйткені, қасіреті мен тауқыметі аяққа нық тұрған елдердің өзін есеңгіретіп жіберді. Ардагерлерге деген илтипат әр кез назардан тыс қалмақ емес. Бейбіт дәуір құру жолында тер төккен майдангерлердің ерлігі қашанда ел есінде.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ БОЛҒАН САПАР

Осы уақыт ішінде мызғымас достыққа, ортақ тарихқа, Қазақстан мен Ресей халықтарының ментальдық тұрғыдан жақындығына сүйене отырып, жоғары деңгейдегі басшыларымыз мемлекетаралық үлгілі ынтымақтастық орнатты. Осы ынтымақтастық барлық сала бойынша зор жетістік пен табысқа қол жеткізді. Біздің мемлекеттеріміз арасындағы өзара қарым-қатынастар халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршілік, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесуі өте нәтижелі болды. Бұл жүздесуде елдеріміз арасындағы іскерлік серіктестікті одан әрі ілгерілету мәселелері талқыланды. Президент барлық күш-жігерді, ең алдымен, сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге шақырды.

Мәскеудегі табысты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы жұмыс сапарын Татарстан Республикасында жалғастырды. Қасым-Жомарт Кемелұлы мыңжылдық тарихымен және аса бай мәдени мұрасымен танымал Қазан қаласына алғаш рет ат басын бұрды.

Қазан пен татар ежелден төскейде малы, төсекте басы қосылған туыстас халық. Біздің тарихымыз ортақ, дініміз бен тіліміз бір. Сонау XVI ғасырдың ортасында Иван Грозный Қазанды басып алғандағы қырғын біздің фольклорымызда ерекше із қалдырған. Қазақтың «Шора батыр», «Нәрік батыр» жырларында осы шайқастар баяндалады. Сонда Қазанды жау қоршады деп аттанып бара жатқан қазақтың батыры Шора: «Нәріктің ұлы Шорамын,

Мен Қазанға барамын. Мен Қазанға барғанша, Қан жаумасын, қан жаусын, Мен Қазанға барған соң, Қар жаумасын, қан жаусын», – деп жырлаған екен. «Қазан жорығы» деп аталатын күй де бар.

Ал тұтас ұлтты жаңа сапаға көтерген Алаш зиялыларының да қызметі мен өмірі осы Қазан қаласымен тікелей байланысты. Көбі осында білім алып, татар аруларына үйленді. Татар автономиясы мен Алаш автономиясы үнемі тізе қосып, бірге күрескенін тарихтан білеміз. Қазақтың алғашқы кітаптары да осы қалада басылды. Көрнекті Алаш қайраткері Уәлихан Танашұлы Қазанда өмір сүріп, татар үкіметінде қызмет істеген. Демек, туыстас екі халық ежелден жұбын жазбаған. Татар ағайындардың қазақ халқына деген айырықша ықыласы ғасырлар бойы жалғасып келеді.

10 ақпан күні ақшам уақытында белгілі татар ақыны Ғабдолла Тоқай атындағы Татарстан астанасының халықаралық әуежайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Республика басшысы Рустам Минниханов пен оның делегациясы қарсы алды. Ақын есімінің елімізбен тығыз байланысты болуының да астарында бір сыр барда. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен Ғабдолла Тоқай небәрі 26 жасының 12 жылын Орал қаласында өткізген. Осы жерде татар әдебиетінің алтын қорына енген бірқатар туындысын жазып үлгерді. Орал қаласында оның құрметіне қойылған бюст пен көше атауы бар. Қазақстанның басқа қалаларында, соның ішінде Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкентте ақын Ғабдолла Тоқай атындағы көшелер бар.

Біздің сапарымыз кезінде Қазанда қар жауғанымен, аяз аса қатты болған жоқ. Қаланың көркі көз тая-

тындай. Қазан – тарихы терең заманауи мегаполис.

Мемлекет басшысының Татарстанға сапары ғасырлық тарихы бар Қазан Кремлінен басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев мұнда «Құл Шариф» мешіті мен Благовещенский соборын аралап көрді. Президент бір-бірінен қол созым жерде тұрған мұсылман мешіті мен православ шіркеуінің орналасуын достық символы деп атап өтті.

Қазан Кремлінің аумағында Президент сарайы орналасқан. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рустам Минниханов осында ресми делегациялардың қатысуымен екіжақты кездесу өткізді. Қазақ көшбасшысының республикаға сапары кезінде Татарстан басшысы бірге жүргенін атап өткен жөн. Араларында достық қатынастың орнағаны айтпаса да түсінікті. Бұл – олардың соңғы 10 айдың ішіндегі үшінші кездесуі.

Кездесу басында Президент мемлекеттік тілде сөз сөйлеп, дипломатиялық қызметі аясында және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында жүргенде алты құрылықты араласа да, Қазан қаласына алғаш рет келіп отырғанын айтты. «Мұным ұят болды, бірақ ештен кеш жақсы» деп әзілдеді Президент.

Осы кездесуге Татарстандағы қазақтардың ұлттық-мәдени автономиясының басшысы Сағит Жақысбаев та келіп, Қасым-Жомарт Тоқаевқа қазақ қауымдастығының құрылу тарихы мен қызметі жөнінде айтты. 1992 жылы ол Татарстан халықтары Ассамблеясының негізін қалап, 2007 жылға дейін осы ұйымды басқарды. Қазіргі уақытта республикада 2 мыңға жуық қазақ тұрады, олардың басым көпшілігі – студенттер.

Кездесу барысында сауда-

экономикалық және инвестициялық кооперацияны дамытуға баса мән берілді. Қазақстан мен Татарстанды екі халықтың тарихи тамырының, рухани құндылықтарының жақын болуы ғана емес, белсенді экономикалық қатынастар да тығыз байланыстырады.

Ресей субъектілерінің ішінде жетекші орын алатын және даму қарқыны жыл сайын үдеп келе жатқан Татарстанның Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығының ауқымды болуы осының айқын дәлелі.

Татарстан экономикасының флагманы болып саналатын «ТАНЕКО» мен «КАМАЗ» компаниялары өзара іс-қимылдың жарқын мысалы ретінде атауға болады. Қазақстан Президентінің Нижнекамск және Набережные Челны қалаларында орналасқан зауыттарды аралап көруі Татарстанға сапарының ең маңызды бөлігі болды. Бұл корпорациялардың елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына қосқан үлесі зор екені сөзсіз. Мысалы, қазір Қостанай және Қарағанды облыстарында КАМАЗ автобөлшектері мен «Татнефть» автокөлік дөңгелектерін шығаратын зауыттарды салу бойынша үш жоба белсенді жүзеге асырылмақ. Бұл компаниялардың қатысуымен тағы да үш ірі жоба қолға алынады. Өз кезегінде Татарстанда қазақстандық капиталдың қатысуымен 40-қа жуық бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Нижнекамск қаласындағы «ТАНЕКО» кешенін аралау барысында «Татнефть» кәсіпорнында тағылымдамадан өтіп жатқан қазақстандық жас мамандармен кездесті. Жуырда «Татнефть» компаниясы мен Семей қаласының геологиялық барлау колледжі арасында ынтымақтастық туралы

келісімге қол қойылды. Нәтижесінде, биылдан бастап қазақстандық колледждің студенттері осы кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өтетін болды. Осындай кездесу Набережные Челны қаласында да өтті. «КАМАЗ» компаниясының зауытында біліктілігін арттырған қазақстандықтар, елге оралған соң Қостанайдағы осы кәсіпорынның зауытында жұмыс істейтін болады.

Татарстан – Ресейдің барлық жағынан дамыған аймағы. Бұл республика өзінің ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, технологиялық дамуға қуатты серпіліс жасай алды.

Қазан қаласында Қазақстан Президентінің құрметіне Татарстан Президентінің атынан салтанатты қабылдау мен концерт ұйымдастырылды. Шара аясында қазақ, татар, орыс халық әндерімен қоса Шәмші Қалдаяқов пен басқа да композиторлардың туындылары орындалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір іссапардан елге оралған сайын дәстүрлі түрде ел ішіндегі және шетелдік сапарлардың нәтижесі туралы әсерімен бөліседі. Осы сапарға қатысты Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына қысқа мерзімді, бірақ өте мазмұнды сапарының нәтижесіне көңілі толатынын, оның Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастықты одан әрі нығайту тұрғысынан табысты болғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жасаған осы жолғы сапары мен жоғары деңгейде өткен келіссөздерін Қазақстан мен Ресей арасында көйінгі жылдардағы кездесулердің ішіндегі ең маңыздысы деп есептейді. Ресей Президенті де осындай көзқараста деп ойлаймын.

Берік УӘЛИ,
ҚР Президентінің баспасөз хатшысы

БІЛІМ ЖАРЫСЫ

«Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді», - дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Қай кезде де оқыту мен тоқыту жайы күнтізбе мінберінен түскен емес. Өйткені білім – келешекті жасаушы құрал. Ал білім алушы, яғни оқушы елдің болашағы. Олардың алған білімі қандай болса, болашақ сондай болмақ. Бүгінде елімізде білім беру саласында ауқымды тірлік бар. Оқимын, ізденемін, білімді боламын деген ұрпаққа бар жай жасалған. Ахаңның «Білім жарысы» деген мақаласы бар. Сол мақалада білімдінің алар асуы мен биігі деп суреттелген. Сондай жарыстың жалауы бүгінде ауданда желбіреді.



Оқушы білігін сарапқа салуды көздеген республикалық пәндер олимпиадасына Ескелді ауданының мектептерінен 607 оқушы қатысуда. 9-11 сынып оқушылары арасындағы олимпиаданың аудандық кезеңі 14-ақпанда шымылдығын түріп, 19-ақпанда аяқталады деп жоспарланған еді. Ауа-райының қолайсыздығы білім жарысының уақытын созуға итермеледі. Нақты айтқанда, атаулы дода 22-ақпанда толық аяқталады деп күтілуде.

Білім додасының барысына оралсақ, Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепте өтіп жатқан олимпиада 14 пән бойынша өтуде. Оқушылар білімі мен білігін Oquyluq.kz интернет платформасы арқылы сынауда. Сандық технология дәуірінде жаңашыл бастамалар да қалыс қалып жатқан жоқ. Білім жарысының ашықтығын нәмі шынайылығын сақтау мақсатында оқушылардың тапсырмаларды орындау жайы YouTube арнасынан онлайн түрде бақылауға мүмкіндік жасалған.

Қазір елімізде эпид ахуал тұрақталып келеді. Дегенмен, індетті өршітпей, адам өмірін тәж-тажалдан қорғау - басты назарда. Білім жарысы ұйымдастырушылар оқушылардың бас аمانдығын қамтамасыз етуде қарекетсіз емес. Білім алушылар ұдайы бетперде тағып, қолды залалсыздандырығыш қоспамен сүртіп отырады. Олимпиаданың кезекті кезеңі аяқталғанда аудитория толық залалсыздандырылады, терезе ашылып желдетіледі. Оған кәміл сеніңіз. Өйткені «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшілері білім жарысының бақылаушысы болып жүр.

«ЖШ» ақпарат

МҰЗБАЛАҚ АҚЫННЫҢ ТӨЛ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

9 ақпан – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың дүниеге келген күні. Қарасаздай шағын ғана қазақ ауылында дүниеге келген асау ақын, барша қазаққа ортақ дүлдүл. Дәл сол күні алаш жұрты қаламгердің есімі мен еңбегін еске алып, жырларына бір мәрте көз жүгірмеді. Ерек күнді елемей кету мүмкін емес. Ақынның төл күнін Ескелді ауданы да ерекше тойлады. Аудандық мәдениет үйінде поэзияға толы мерекелік кеш өтті. Кешті аудандық мәдениет бөлімі мен орталық кітапхана бірлесіп ұйымдастырды. Мұзбалақ ақынның мазмұнды әрі мәңгілік жырларын насихаттау үшін ұйымдастырылған әдеби кешке біз де қатысып, өзгеше мерекенің күегері болып қайттық.

Ақын әр туындысын қайталанбас шеберлікпен, нәзік толқыныспен, мінсіз үйлесіммен, шыншыл сезіммен, таңғажайып әсершілдікпен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен жазған. Сол образға толы өлеңдерді киелі Ескелді жерінің мәдениет майталмандары жетесіне жеткізіп-ақ оқыды. Ән де шырқалды, көрініс те қойылды. Асау ақынның тарихына бір үңіліп үлгердік.

Өмірдің әр тарауын өз нақышында артық бояусыз жеткізген мұзбалақ небәрі 45 жасында көз жұмды. Ол алты Алаш баласын мойындата білді. Алғаш Мұқағали талантын бағалаған Әбділде Тәжібаев: “Өзіңнен де жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде, мақтанбасқа бола ма?!” деген екен. Қазіргі жастар да, ақынның шығармашылығын сүйіп оқиды. Өмірді мұзбалақ ақынша сүйеді.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ЕСКЕЛДІ САҚШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Ерболат Сәтеков пен Нұрсейіт Абдрахмановтың Алматы облысына қарасты, Ескелді ауданында тәртіп сақшыларының қатарында қызмет етіп жүргендеріне 15 жылдың жүзі болды.

Олардың жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етумен оны сақтау күнделікті міндеті. Қос тарланның қызметтегі парыздары, олардың жүрегінде адамгершілік пен мейірімділікті сақтап тұруының негізгі кепілі.



Полиция қызметкерлері қолайсыз ауа-райының салдарынан аудан аумағында кезекті жол торуға шығады. Сол сәтте, өтіп бара жатқан егде жастағы кейуананы аңғарады. Сақшылардың назарын аударған 93 жастағы Ешкіөлмес ауылының тұрғыны екен. Жалғыз басты кейуана дәрiхана іздеп жүргенін біліп, Ерболат пен Нұрсейіт қарияны қызметтік көліктеріне отырғызып, қажетті дәрі-дәрмек, азық-түлікті алып беріп, үйіне жеткізген.

- Жол бойын бақылап, құнделікті белгіленген аумақта жол-көлік оқиғасының болмауын қадағалап жүреміз. Барлығына мәлім, біз жолдағы қауіпсіздікті бақылауға аламыз, бірақ кей кезде жалғыз басты қарттарымыздың ауыр сөмкелерді арқалап кетіп бара жатқанын көріп қаламыз, сондай кезде олардың керекті жеріне жетугіне көмектесеміз. Бұлда менің қызметтегі борышым деп есептеймін, - дейді аға лейтенант Нұрсейіт Абдрахманов.

Қос батырдың әріптесі, полиция аға лейтенанты Бағлан Ерланов Ерболат пен Нұрсейіттің әрекеті құрметтеуге тұрарлық деп еске алды. Оның сөзінше, қос тарланның ерлікке жаны құмар секілді. Осыдан үш жыл бұрын, екеуі кезекті жол қозғалысын бақылап тұрған кезде, өрт оқиғасы орын алғаны жайлы қоңырау келіп түскен. Қарабұлақ ауылында 5 балалы отбасының үйі қызыл жалынға оранған. Уақыт бүйірден қысқанда, өрт сөндірушілер келгенше Ерболат пен Нұрсейіт ойланбастан отбасы мүшелерін құтқару үшін, шарпыған оттың арасына кіріп кеткен екен. Дәл сол сәттегі полицейлердің жедел әрекетінің арқасында адам шығыны орын алмапты. Әрине, мұндай әрекеттерін ерлікке баламау мүмкін емес.

«ЖШ»-ақпарат

Азаматтарды қабылдау

Прием граждан



Тажмағамбетова Мақпал Мазаққызы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты



24 ақпан
февраль

11.30

Телефон:
8 700 254 24 30

«Нур Отан» партиясы Ескелді аудандық филиалы ғимараты, Қарабұлақ ауылы, Оразбекова к-сі 52 ұй.

nurofn.oblast@bk.ru

◆ TÜRMYC

СЫРЫМБЕТТЕ ІЛКІМДІ ТІРЛІК БАР

Жылдағы үрдіс бойынша бүгінде жер-жерде ауылдық, аудандық қалалық һәм облыс өкімдері халықпен кездесіп, өткен жылда атқарған жұмыстарын сарапқа салуда. Сол үрдістен танбай апта басында Сырымбет ауылдық округінің әкімі Д.Бақбергеліні ауыл тұрғындарымен кездесті. Ауылдағы Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектептің мәжіліс залында өткен кездесуге бірқатар аудандық мәслихат депутаттары, аудандық мекеме басшылары қатысып, өрісті жұмыстарға тиісінше баға берді.

Өткен жыл сырымбеттіктер үшін оңтайлы жыл болды. Соңғы уақытта мезгіл мәселесенің мінберінен



сырымбеттік дінандар ала жаздай тынбауының арқасында қоңыр күзде қамбаға қырдағы егістіктен әр гектарына 22,9 центнерден, суармалы алқаптан әр гектарына 23-24 центнерден астық құйды. Май бұршақ алқабы әр гектарына 20-23 центнерден өнім берсе, тәтті түбір гектарына 300 центнерден өнім берді. Ауылдағы іргелі құрылымдардың бірі «Берік» сүт кооперативінің құрамында 75 ауыл тұрғыны бар. Атаулы кооператив Талдықорған сүт зауытымен келісімге келіп, күніне 2500 литр сүт өткізіп

отыр. Ауылдық округте 1 дүкен, 4 дүңгіршек, 1 су кооперативі, бал өңдейтін «Тек-Тау» ЖШС, мәрмәр өңдейтін «Литоммикс» ЖШС жұмыс істеуде. Бұл құрылымдарда 52 ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылған. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту 2017-2021» бағдарламасы бойынша 6 жеке кәсіпкер 19 700 000 теңге қаржылай несиелі алып, мал өсіру бағытында жұмыстар атқаруда. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021

жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 ауыл тұрғыны 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алып, кәсібін дөңгелетуде. Келелі кездесуде ауыл тұрғындары атқарылған жұмыстар мен алдағы атқарылар жоспардың жайымен қанықты. Ауылдық округ әкімінен соң сөз алған ақсақалдар кеңесінің төрағасы Б.Сартбайұлы жүйелі тірлік пен оңтайлы бастамаларға оң бағасын берді. Әсіресе, ауыл әкімінің жұмыссыздықты жою қарекетіне разылығын білдірді. Ж.Жақыпбаев атындағы мектептің директорының орынбасары Н.Бүркітбайқызы жастарды жұмылдыру арқылы олардың бос уақытта болымсыз тірлікпен айналыспауына түрткі болып, нәтижелі жұмыс жүргізген ауыл әкіміне ризашылық танытты. Ауылда іргелі тірлігі бар «Дүйсебаев» шаруа қожалығының төрағасы Е.Дүйсебаев ауыл шаруашылығындағы бірқатар оңтайлы істі тізбектеп, әкім жұмысына оң баға берді.

«ЖШ» ақпарат

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР

- ЕЛ АЙНАСЫ

“100 нақты қадам” Ұлт Жоспарының 12-қадамын жүзеге асыру аясында, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бойынша мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі әзірленіп, бекітілді. Бұл құжатты әрбір мемлекеттік қызметші басшылыққа алуы тиіс.

◆ ÖRKEN



Мемлекеттік қызметшілер қоғам алдында мемлекеттің тұлғасы болған соң аталған кодексте мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары, қызметтік қарым-қатынастардағы мінез-құлық сондай-ақ көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу стандарттары айқындалған. Қоғамдық пікір көрсеткіштерінің бірі қызметтен тыс уақытта, оның ішінде қоғамдық орындарда олардың мінез-құлқы екені құпия емес.

Осы ретте қызметтік әдеп қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметші қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық танытуға, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болуға жол бермеуге, қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеге және пайдаланбауға, өз тарапынан қоғамдағы адамгершілік, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға жол бермеу тиіс. Сонымен қатар, Әдеп кодексі жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларының бәсқа да талаптарын қамтиды. Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер іскерлік әдепті, ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы тиіс.

Осылайша мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Ұлан ҚАЛЖАНОВ
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы



Сырымбеттік округінің әкімімен кездесу барысында

ҚҰЛАҚ ТҮРІНІЗ

Алматы облысы бойынша экология департаменті ҚР Экологиялық кодексінің 337-бабына сәйкес, қауіпті емес қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қалпына келтіру және (немесе) жою бойынша кәсіпкерлік қызметті жоспарлайтын немесе жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрығының 6-қосымшасына және ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беругі міндетті.

ҚР Экологиялық кодексінің 337-бабының 3-тармағына сәйкес, қауіпті емес қалдықтарды хабардар етпей жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады. Сонымен қатар, 2021 жылғы 2-қаңтардағы ҚР Экологиялық Кодексінің енгізілуіне байланысты Департамент келесіні хабарлайды. ҚР-ның Экологиялық кодексінің 384-бабына сәйкес, объект операторлары (меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлға) қалдықтарды түгендеу жөнінде есеп беруге міндетті екенін еске салады. Есеп есепті жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша 1-наурызына дейін қағаз жеткізгіште және (немесе) оны қалдықтардың мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінде толтыру және объект операторының ақпаратты беруге жауапты лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою арқылы электрондық нысанда жыл сайын ұсынылады. ҚОҚ БАЖ жүйесіне кіру сілтемесі: (<http://oos.ecogeo.gov.kz/>)

Объектілердің операторлары ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2022 жылғы 18-қаңтардағы № 14бұйрығымен бекітілген “қалдықтарды түгендеу жөніндегі есеп нысанына” сәйкес қалдықтарды түгендеу жөніндегі есепті ұсынуға міндетті.

Қалдықтарды түгендеу жөніндегі есепті ұсынбағаны үшін ҚР-ның “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” кодексінің 344-бабының 3-тармағына және 327-1-бабының 1-тармағына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

Суақтар туындаған жағдайда 8/7282/24-57-22 және 8 747 611 70 13 телефондарына немесе Талдықорған қаласы, Абай көшесі №297 мекен жайы бойынша хабарласуға болады.

БАҚТЫБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ А.САСКЕБАЕВТЫҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ 12 АЙЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Әлеуметтік сала. Ауылдық округте әлеуметтік сала бойынша өткен жылы жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек бойынша 308 өтініш қабылданды. Сол өтініш негізінде 92 отбасына жәрдемақы төленді. Халықтың әлеуметтік ахуалын қалыптастыруда жұмыс орындарын ашу маңызды рөлге ие. Бұл бағытта ауылдық округте 81 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылып, жаңадан 132 жұмыс орны ашылды. «Жастар тәжірибесі» арқылы 3 тұрғын жұмыс істеді. Сондай-ақ, 15 ауыл тұрғыны қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтіп, бүгінде тиісті салалары бойынша жұмыс істеуде. Қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша төрт учаскелік инспектор жұмыс істейді. 2021 жылы 20 қылмыс тіркелген оның 18 ашылған, 2 қылмысы ашылмай тұр.

Шағын және орта бизнес. Кәсіпкерлік бағыт бойынша ауылдық округте қарқынды тірлік бар. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту 2017-2021 бағдарламасы» аясында «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша 5 азамат 58340 мың теңге қайтарымсыз несиелі алып, кәсібін дөңгелетуде. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы арқылы 3 тұрғын 16 млн. теңге несиелі алып кәсібін бастаған. Ауылдық округте қазіргі кезде 3 шағын маркет, 49 дүкен, 9 тұрмыстық қызмет көрсету нысаны, 1 көпшілік тамақтану орны халыққа қызмет көрсетуде.

Ауылшаруашылығы. Ауылдық округте 265 жеке шаруа қожалық, 1-ӨБ, 14 – ЖШС бар. Олар дөңді - майлы дақылдарды, қант қызылшасын, картоп, көкөніс, бақша, көп жылдық шөп өсіріп, өндірумен шұғылданады. Ауылдық округте ауылшаруашылық бағыттағы жер көлемі 34105 гектарды құрайды. Оның ішінде суармалы егістік көлемі 6017 гектар, шабындық 520 гектар, жайылым жер - 24787 гектар. Өткен жылы 801 гектарға дөңді дақыл себіліп, гектарына 21 центнерден өнім алынған. Сәйкесінше 326 гектарға күздік бидай (гектарына 23 центнерден өнім алынған),

475 гектарға арпа (гектарына 20 центнер), 2909 гектарға май бұршақ (гектарына 23 центнер), 200 гектарға картоп (гектарына 215 центнер), 117 гектарға көкөніс (гектарына 252 центнер), 12,5 гектарға бақша дақылдары (гектарына 355 центнер) егілген. Былтыр шаруашылықтардан 342 гектардағы көпжылдық шөптен 109 центнерден өнім алынған. Ауылдағы шаруалардың негізгі тіршілігі егінге негізделгенмен, мал өсіру де кенжелеп тұрған жоқ. Мәселен, округте 3301 бас ірі қара, 12000 бас ұсақ мал, 1430 бас жылқы, 327 бас шошқа, 4600 бас құс бар.

Білім беру. Ауылдық округтегі 2 орта мектепте ұзынсаңы 1534 оқушы білім алады. Оларға 178 мұғалім білім береді. Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында дамушылардың көмегімен 155 мың теңгеге 7 оқушы киіммен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Округте «Балбөбек», «Диас» балабақшаларында 205 бала, екі орта мектептің шағын орталықтарында 50 бала тәрбиеленуде. Сондай-ақ, жаңадан жекеменшік балабақшаның құрылысы жүргізіліп жатыр.

Өткен жылы ауыл халқымен ауылдық округ әкімінің кезекті кездесуінде бірнеше мәселе қозғалған еді. Тиісінше сол жылы төмендегі жұмыстар атқарылды.

1. Елтай ауылындағы қаңғыбас иттерді аулау мәселесі. Бақтыбай ауылдық округінде қаңғыбас иттерді аулау айына 2 реттен жүргізілді, барлығы 165 қаңғыбас ит ауланды.
2. Өтенай ауылындағы арықтарды тазалау жұмыстарын жүргізу мәселесі. «Қазводхоз» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесе отырып арық желілеріне механикалық тазалау жұмыстары жүргізілді, шлюздар орнатылды.
3. Бақтыбай ауылындағы Тауке хан көшесіне асфальт төсеу мәселесі. Тауке хан көшесіне асфальт төсеу үшін «Гордорстрой» ЖШС-мен

отырып жұмыстар жүргізілді. 4. Талдықорған-Бақтыбай арасындағы маршруттық автобус жүргізу мәселесі. Талдықорған қаласы бағытына 3 мезгіл көлік қатынайды.

2021 жылы атқарылған жұмыстар: Елтай ауылындағы «Workout» спорт алаңын салуға «Елді мекендерді абаттандыру» бағдарламасы бойынша 3 млн. 124 мың теңге бөлініп, спорт алаңының құрылысы аяқталды; 1млн. 400 мың теңгеге 100 дана қарағай көшеті отырғызылды; Бақтыбай ауылдық округі бойынша адам өміріне қауіп төндіріп тұрған ағаштарды кесу жұмыстары келісім-шарт негізінде 1 млн. 458 мың теңгеге ЖШС «Elaman Grup 21» жасалды; ауылдағы кейбір көпір қоршауларын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді; Бақтыбай ауылының бірнеше көшелеріндегі арық желілері тазартылды; қоңыс алаңын тазалау жұмыстары 1млн. 103 мың теңгеге жүргізілді; Елтай ауылындағы спорт алаңы жөндеуден өткізілді; Бақтыбай ауылына су құбырын жүргізу жұмыстары жасалуда; округ бойынша газ тарту жұмыстары жүргізілуде;

2022 жылы атқарылатын жұмыстар: округтегі көпірлердің қалған қоршауларына, обелискке, баннер бағандарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу; канал желілерін тазалау жұмыстары; апатты жағдайда тұрған ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу; көшелерді жарықтандыру мен кабельді ағымдағы жөндеу жұмыстарын (Ысқақова, Меңісов, Жансенгіров, Әбдірахманов және Тәуке хан көшесінің қалған бөлігі, ауылдағы Жансүгіров көшесінен Ө.Қастеев көшесіне дейін) жүргізу;

ӘДЕМІЛІК ӘЛЕМІНІҢ ӘЛЕГІ Һәм көркемдіктің құны қанша?



**КӨШЕДЕ КӨРКІНЕ КӨЗ
ТОЙМАЙТЫН ҚЫЗДЫ КӨРСЕК
ТАНДАНА, ТАМСАНА ҚАРАЙМЫЗ.
БІРІ – ТАБИҒИ СҰЛУЛЫҚ ИЕСІ,
БІРІ – БЕТІН СӘНДЕП, ӘДЕМІ
БОЯУМЕН ӨРЛЕГЕН. ОҒАН
ҚОСА ЖАЛҒАНҒАН КІРПІГІ БАР,
ҚАҚҚАН ҚАЗЫҚТАЙ ҚАТАЙҒАН,
ӨСІП ҮЛГЕРМЕЙТІН ҚАСЫ БАР,
КОСМЕТИКАНЫҢ ТҮР-ТҮРІ БІР
БЕТТЕН ТАБЫЛАДЫ ДЕРСІЗ,
ТЫРНАҒЫ ДА БӨЛЕК ДАСТАН.
СОЛ СӘТТЕ АДАМНЫҢ ОЙЫНА
ЕРІКСІЗ БІР СҰРАҚ КЕЛЕДІ.
ЖАСАНДЫ ӘДЕМІЛІК
ҚАШАҒА ДЕЙІН ЖҮРЕДІ ҺӘМ
СҰЛУЛЫҚТЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?**

Сұрақтың жауабын іздемес бұрын өзіме тоқталдым. Мен де нәзік жандымын, сұлулықты жаным сүйеді. Кірпік өсіруді, тырнақ күтімін жақсы көремін. Және жаңағы кірпік өсіру шебері «лашмейкер» мен тырнақ шебері «нейлмастерге» жиі жүгінемін. Себебі әдемі болып жүруді құп көремін. Әдеміліктің бір түрі тырнақ пен кірпіктен бастау алатын сияқты көрінеді. Иә, одан бөлек макияж деген дүние бар. Макияждың шебері «визажист» маман. Жастардың дені визажист болғысы келеді және түрлі тіс қаққан мамандардан макияждың түр түрін оқып үйренеді. Құны қымбат ілімді үш ақ күнде алып шығасыз. Әңгіменің төркіні ақшаға келіп тіреледі. Қалтаңызда теңгеңіз болса болды, әп-сәтте-ақ ару болып шыға келесіз. Қателесемін бе? Зерттеп көрейік.

Тарихқа көз жүгіртсек кешегі Қыз Жібек нақ арудың өзі еді. Кірпігі де өзінікі, қасы да. Иә, өз заманында оңдай арулар жүзден біреу ғана болатын. Кеңестік құрсауға дейін нәзікжандыларымыздың тордағы тотыдай болғаны рас. Ол кездің өзінде француз өтірі «мен» дегендердің ғана қолына түсетін. Анамның сөзіне құлақ түрсем талай қызық әңгіменің куәгері боламын. «Далапты сіріңкенің шиімен алатынбыз, бетті ағарту үшін айран жағатынбыз. Басқа косметиканың түрі болған емес» дейді анам жастық шағын еске ала. Бояудың да түрі аз, әдемілікке жаны құмар арулардың қолы жетпегендігіне. Есесіне сапасы өте жоғары болатын. Аллергия атаулыны да беріде естідік емес пе? Есесіне бетінде бір бояуы жоқ нағыз хас сұлулар сол кезде көп болатын. Құрсаудан қауыпты, кедендегі кедергі кеткен соң аяқтағы шідер шешіліп, тордан босап шыққандай болған нәзікжандыларымыз шетелден ағылған косметикалық заттарға қарық болып қалды. Қымбаты, арзаны, сапалысы, сапасызы, әйтеуір бәрі бар. Әркім қалтасы көтергеніне қарай бет бояйтын, нәрлендіретін, қысқасы сұлулыққа үлес қосатын заттың бәрін ала алатын күнге жетті. Бәрі сапасыз деуден аулақпыз. Бірақ өте қымбат, көпшіліктің қалтасына ауырлық салатындары да бар. Желілік маркетинг те осы кезде лап қойды елімізге. Сұлулық индустриясына үлес қосып жатқан дүниелердің басы да, аяғы да бұл емес. Әжімді едіптейтін, «бетке әдемі қыздың суретін салып беретін» нешетүрлі сұлулық салондары да қаптады дерсіз. «Бетім қысық» деп айнаға өкпе артатын заман емес. Ақшаңыз бар ма қысық жеріңізді түзеп беретін орындар жетеді. Есесіне біз шынайы, табиғи сұлулықтан айырылып қалдық. Айнала толы әдемі қыз сияқты. Бірақ көбісі косметологтың, визажистің қолынан шыққандар. Одан беріде басынан бақайшағына дейін әрлендіріп беретін салондар жеткілікті.

Бет әрлеудің бағасы мен түрлері жайлы визажист маман Бақытгүл Бауыржанқызы айтып берді.

– Макияж сөзі француз тілінен аударғанда өзгеру, жақсару деген мағынаны білдіреді. Өзі айтып тұрғандай әйел заты макияжға дейінгі және кейінгі болып екіге бөлінеді. Ол дегеніміз әйел затының әдемілігін айқындап, кемшіл тұстарын жасыруға арналған бояу процесі. Макияж бірнеше түрге бөлінеді. Олар: жеңіл макияж, күнделікті макияж, кешкі макияж, той макияжы, тағы да өзге түрлері бар. Сән әлемінде макияждың нақты екі мерзімі болады. Олар: күндізгі және кешкі. Күндізгі макияжды бетке күннің сәулесі түсетіндей терезенің алдында, ал кешкі макияж шам жарығының алдында жасалады. Бағасына келетін болсақ күндізгі макияж 3000 теңгеден басталады. Ал кешкі макияждың құны 5000-нан жоғары. Той-томалаққа арналған макияж 10000 теңгеге дейін барады. Барлығы да шебердің өзіне және сән салонының орналасқан жеріне байланысты, – дейді визажист маман.

Тойға бару үшін жас ару бір айлығын толық жұмсайды десем, қателеспейді екенмін. Қарапайым тойға арналған бет әрлеудің құны 10000 теңге болса, арғы жағын сұраудың өзі қорқынышты. Өткен аптада мақалам мардымды шықсын деген оймен «лашмейкер» іздеп салондарды араладым. Кезек көп, әдемілікке ұмтылған

арулар көп екен. Сонда да көкейдегі сұрағымды қойып, кірпік өсірудің түрлері мен бағасын білдім.

– Кірпік өсірудің бірнеше түрі бар, класикадан бастап 7D-ға дейін. Бағасы да сәйкесінше. 4000-нан бастап 9000-ға дейін, – деп қысқа қайырды шаруасы қауырт маман.

Қазір қыз-келіншектердің көбі сұлулық салондарына барып, кәсіби мамандардың көмегімен «Жібек», «Соболь», «Силикон», «Норка» деп аталатын жасанды кірпікті түр түрін жасатып алады. Алайда, синтетикалық заттардан жасалатын кірпіктердің адам ағзасына тигізетін зияны көп екен. Мысалы, шаш қалдықтарынан жасалған кірпіктер аллергиялық ауруларды туғызуы мүмкін. Жалпы, косметолог мамандар кез келген сұлулық салонына барғанда, ең алдымен гигиеналық талаптарға назар аудару қажеттігін ескертеді. Егер сіз жасанды кірпік пен тырнақты тәжірибесі аз маманға жасатсаңыз, нәтижесі ойдағыдай болмауы мүмкін. Тіпті, сұлулық салонында санитарлық талаптар дұрыс сақталмайтын болса, аталмыш заттарды жабыстыратын желімнен аллергия да пайда болады. Жасанды кірпікті жалғауға арналған желімнің адам денсаулығына келтіретін зияны көп. Алайда, соны дер кезінде түсінбеген қыз-келіншектеріміз түрлі аллергиялық және көз ауруларына шалдығып та жатады. Иә, мәселені мән-жайын анықтай алмасақ та кетер шығынды саралап көрелік. Есептей беріңіз, нәзікжанды тойға дайындалып жатыр. Макияжы – 10000 теңге, қайырылған әдемі кірпіктері – 9000 теңге. Ал көйлегіне сәйкес боялған тырнақтары қанша? Бұйраланған шашы ше?

– Тырнақ үнемі күтімді және дәрумендерді талап етеді. Айына бір рет «маникюр» жасатып тұрған дұрыс. Маникюрдан соң көптеген келіншек гельды қаптама жасатады. Өсіп тұрған тырнағын сындырып алмау мақсатында. Біз әйелдер қауымы жылтыраққа құмармыз ғой. Өзгенің ұзын тырнағын көріп, қызығып, өзімізге де жасатуды жөн көреміз. Өзінің қысқа тырнағын арнайы жасанды тырнақ жалғатып алатын қыздар да жиі кездеседі. Бағасына келсек, тырнақты тек тазалатып, сыртқы етін алдырып, бірнеше күнге боятып алсаңыз құны – 1000 теңгеден басталады. Өрине шебердің өзіне байланысты бағасы. Егер гельді қаптама жасатса – 3500 теңге. Ал жаңағы айтқанымдай жасанды тырнақ жалғаса – 6000-7000 теңгеге барады, – дейді нейл мастер Жадыра Асқарқызы.

Жалпы, жасанды тырнақ жабыстыру өнері біздің заманымызға дейінгі үш мың жыл бұрын ежелгі Египет пен Қытайда пайда болған. Ал түрлі-түсті лактар 1932 жылы алғаш рет Америкадағы сауда үйлерінде сатылымға шығарылған. Дерматолог мамандардың айтуынша, тырнаққа қарап, 40 түрлі аурудың алдын алуға болады екен. Сізбен диалог құрған адам алдымен қолыңызға, тырнақтарыңызға қарайтыны өтірік емес. Сондықтан тырнаққа күтім жасаған абзал. Десек те ай сайын ауқымды шығын шығару қалтаға жүк түсірмей ме?

Жауабын сезіп отырған шығарсыз. Тойдың тақырыбынан ауытқымай, шаш әрлеудің бағасын білейік.

– Әрбір қыз жеке тұлға, сондықтан әркімге ерекше көзқарас қажет, сәйкесінше ханымның қадір-қасиетін баса көрсететін, назарды кемшіліктерден алшақтататын және жай оны қуанта алатын арнайы шаш үлгісі керек. Әр әйел өзіне ұнайтын шаш үлгісін өзі таңдап, қалаған әдемілікке қол жеткізеді. Бірнеше сағатты алатын еңбек тиісінше бағаланады, өрине. Бағалары әртүрлі. Егер шашыңызды қидырсаңыз – 1000 теңгеден жоғары. Тойға арналған шаш үлгісі – 5000 теңгеден жоғары. Егер шашыңызға жасанды шаш жалғасаңыз құны – 20000 теңгеден асады. Қазір сән индустрияда шашты ламинаттау үрдісі басталды. 3-4 сағат бойы жасалатын процедураның құны 30-40 мың теңге, – дейді шаштараз Маржан Базарбай.

Тарихқа көз жүгіртсек бояу көрмеген қазақ қыздарының шашы әу баста қара түсті, қоңырқай болатын. Одан бояудың дәурені басталып қызарды кейін сарғайды. Енді соңғы сөнге құлақ түрсек «пшеница» түстес яғни, сұр түсті таш сөнге айналды. Сонымен сән үлгілерінің түрленуіне байланысты шашымыз бірде қарайып, бірде сарғайып жатыр. Иә, шаштың жайынан хабардар болдық. Жаңағы тойға дайындалған аруымыздың бір басына қанша қаражат кетті? Макияжы, кірпігі – 19000 теңге. Тырнағы – 3500 теңге, егер жасанды жалғамаса, шаш үлгісі – 5000 теңге. Барлығы 27500 теңге тек қана сұлулығына жұмсалды.

Сұлулық әңгімесі тек бояумен бітсе тәйірі. Естіген жанның ойын елең еткізетін «пластикалық хирургиядан» хабарыңыз бар ма? Әйел затының білмеуі мүмкін емес, ер адамдар «бұ не?» деп тосын қарауы мүмкін. Тақырыпты тарқатып берейін. Өзінің сырт келбетіне көңілі толмайтын жандар дәл осы «пластикалық хирургияға» жүгінеді. Операцияға баратындардың дені қыз-келіншектер. Оларды қабағына қатпар салу, құлақ, мұрын, ернінің пішінін өзгерту, әжімін тарту, емшек бездерін үлкейту, артық майдан арылу сияқты мәселелер мазалайды. Соңғы жылдары қыздар арасында көкіректі үлкейту де сөнге тіпті дәстүрге айналған. Дүниеге әкелген сәбиін есейгенше емізген кешегі Домалақ анамыздың ізіндей болған қарт әжейлер, апалар бұндай іске шошына қарайды. Ал жастардың арманы «көкірек».

Пластикалық хирург Данияр Алмасбекұлының Курсив кз сайтына берген сұхбатында «пластикалық хирургияның» бағасын толық ашып айтқан. Оның айтуынша, Қазақстанда кең таралған оталарға: блефаропластика, маммоластика, фейслифтинг, липосакция (май қабатын хирургиялық жолмен алу), липофилинг (пациенттің май тіндерін ауыстыру арқылы денедегі және беттегі кем-кетікті түзету), риноластика және отопластика кіреді.

Блефаропластиканың құны 80 мың теңгеден басталып, отаның күрделілігіне

байланысты 350 мыңға дейін жетеді. Орташа құны – 200-300 мың теңге аралығында. Қазақстандық қыз-келіншектер құп көретін тағы бір ота – липосакция құны – 100-350 мың теңге. Бетті жасарту оталарының бағасы 500 мыңнан басталып, 2 миллион теңгеге дейін жетеді. Құлақ қалқанының кем-кетігін түзету (отопластика) құны – 150 мың теңгеден басталады. Ал риноластика жасату құны 150 мыңнан басталып, 1 миллионға жетіп жығылады. Маммоластика жасатуға 500 000-2 000 000 теңге қажет болса, іш майын алу (абдоминопластика) 500 мыңнан 1,3 млн. теңгеге дейін барады. Бөксені өсіру 1 млн. теңге тұрады, – дейді маман.

Осы тұста адамның есін алған бұл сұлулық неден бастау алды деген сұрақты психолог маманға қойып көрдік.

– Мен өзім де кірпік өсіретін мамандарға жүгінемін. Зиян екенін біле тұра, сол қадамға барамын. Ойлана келе «балалық травма» екенін түсіндім. Бойжете бергенде ерінге далап жақсақ анамыз «түріңді қарашы, не анау» деп ұрсып шығатын. Сол сөздің өзі түпсанаға барып түседі. Сосын балада «менің түрім жаман» деген ой пайда болады. Тағы бір әсері бар дүние ол «бақталастық». Елдің әйелі жасатып алыпты, менің қай жерім кем деген әйелдер қауымының бар екені өтірік емес. Баяғы сол балалық кезде ата-анасының «жұрттың баласын» мақтағаны. Жасы келген әйелдерге келетін болсақ, олар уақыт келе келбетіне қарап, жас кезіндегі көріктерін қайтарғысы келеді. Сондықтан олар пластикалық оталарға жүгінеді. Ал, жастардың пластикалық процедураларға жүгінетіні, олардың өздерін мүлдем бағаламайтыны. Өзіне деген бағаны төмендігенін олар қандай да бір деңгейге көтерілгілері келеді. Оның бір жолы – пластикалық ота деп ойлайды. Бірақ операциядан кейін өздеріне көңілі толып кететініне кепіл жоқ. Өдетте жасанды сұлулыққа жүгінетін жастарды мектеп кезінде біреу кемсіткен, кекеткен, – дейді Гүлнұр Декембаева.

Fashion Spot халықаралық форумының дерегінше, «Көктем – 2018» маусымы сән индустриясындағы «жасы келгендер» маусымы болды. Нью-Йорк, Милан, Париж және Лондондағы сән апталықтарына жасы 50-ден асқан 27 модель қатысқан. Атақты өнертапқыш, кәсіпкер Илон Масктың анасы модель Мейе Маск мысалы, 69-да. Мейе өзінің карьерасының өсуін ақ шашын боямағанымен түсіндіреді. Оның «Инстаграмдағы» жазылушылары «мен енді 70 жасымнан шошымаймын», «әйел кез келген жаста сұлу бола алатынын дәлелдеп жүргеніңіз үшін көп рақмет!» деген жазба қалдырады.

Табиғат жаратылысына өзгеріс енгізу – үлкен тәуекел. Адамына қарай заманы болды ма, еліктеушіліктен көз ашпай қаншама мардымсыз дүниенің құрбаны болып келеміз. Қысқасы, қалаған кейіпімізге енеміз деп, табиғат сыйы болып табылатын шайылылығымызды жойып жібермесек болғаны.

МАМАН МІНБЕРІ

Бала тілі неге бал болмай тұр? Сұрақты төтесінен қоялық. Бұл мәселе айтылмай жүрген ән, жазылмай жүрген жыр емес. Әлсін-әлсін мезгіл мінберінен көрініп те жүр. Бірақ басты сауалға жауап тапқанмен, сол жауабы құрғыр көңілді көншітейді де. Есесіне, інде жатып індеттеген дерттейін қоғамның бас ауруына айналғалы да біршама уақыт болды. Өйткені бала тілінің бал болмауы балтыр сыздатпаса да, жүрек сыздатар жайтқа айналды. Қош делік, мәселе бала тілінің кеш шығуы мен мүкіс болуына тіреледі келіп. Бұрын үлкендер жағы тілі былдырлай шыққан сәбилерді ортаға алып, сөйлете түсеуі талпынса, қазіргі сәбилерді сөйлете түсеу емес, әріп басын біріктіріп, төл әріптерді кіріктіріп сөйлету мүд. Өйткені, қазіргі бала сөйлемейді. Сөйлемейді болғанда, олармен тіл табысу қиын. Содан болар соңғы 10-15 жыл көлемінде қоғам өмірінде логопед немесе дефектолог деген маманның рөлі арта түсті. Бұрын оларды тек арнайы құрылымдық ұйымдарда жолықтырушы едік, қазір әрбір білім ошағы, әрбір балабақша ұжымдарында солар беделді. Себебі де, түсінікті, сұраныс жоғары, қажеттілік қалыпты жағдайдан жоғары. Бұл мамандық нелері сөйлемейтінді сөйлетеді деп көпшілік үміт артады. Үміт те ақталып отыр. Бірақ, одан сойлемейтін бала азайып отырған жоқ. Айтулы мәселенің салдары мен себебін анықтау мақсатында аудандық «№12 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері, логопед Гүлмира Ноғайбековамен тілдескен едік.

ГҮЛМИРА НОҒАЙБЕКОВА, ЛОГОПЕД:

БАЛАҢЫЗДЫҢ ТІЛІ АНЫҚ ШЫҚСЫН ДЕСЕҢІЗ – «АЯМАҢЫЗ»!



- Алдымен жөн білісейік, логопед деген кім?

- Педагогикада «дефектология» деген арнайы сала бар. Бұл саланың өзі бірнеше тармаққа бөлінеді. Соның бірі нәм бірегейі – «логопедия». Логопед – сөйлеу тіліндегі кемістіктерді түзетумен айналысатын маман. Адамзатты бір-бірімен түсінісу үшін байланыстыратын басты құрал тіл болған соң оның рөлі зор. Әсіресе, бала жастан.

-Тіл мүкістігі неден пайда болады? Бала тілінің бал болмауына не әсер етеді?

- Фактор көп. Біріне тоқталсақ, мысалы, баланың тісі 6-8 айынан бастап шыға бастайды. Яғни сол уақытта бала ақырындап сөйлей бастайды. Жалпы, баланың дамуы кезінде тісінің қисық шығуы, таңдайы мен тілінің жырық болуы, аузын еркін аша алмауы, т.б. факторлар тіл мүкістігіне әсер етеді. Тағы бір әсер ететін жағдай – жүйке жүйесінің зақымдалуы. Яғни, адам сәби кезінде белгілі бір оқиғадан қатты қорықса, секем алып қалса, шошынса да сөйлеу кезінде қиналады. Мұнан басқа да әртүрлі фактор әсер етуі мүмкін. Жалпы төрт факторға

бөлдім: тұқым қуалаушылық, сыртқы факторлардың әсері, ауыз қуысындағы органикалық ақаулар, отбасындағы ортақ тіл, ғаламтор мен теледидарды шамадан тыс қарау.

- Бала тілі шығуына қанша уақыт кетеді?

- Егер ол тек тіл кемістігі болса, психофизиологиялық дамуында басқа бұзылыстары жоқ болса, онда тіл кемістігінің деңгейіне байланысты 6 айдан 3 жылға дейінгі мерзімді қамтиды.

- Осы орайда баланың сөйлеу тілінің даму кезеңіне тоқтала кетсеңіз?

- Бала әдетте 3-4 айда түрлі дыбыстар шығарып, гуілдей бастайды. Ал 6-7 айында былдырлап сөйлеуге көшеді. 1-1,5 жасында алғашқы сөздерді айтып, 2 жасында сөз тіркесін, 3,5-4 жасында сөйлем құрауға қабілетті болуы керек. 4 жастағы балада «қысқырық-ызың» толық болу керек. Ал «сонорлы Л-Р» дыбыстары 5-7 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан мектеп жасындағы балада барлық дыбыстары толық және анық болуы қажет. Өз ойын еркін жеткізе білуі, сөйлем

құрастырғанда грамматикалық құрылымы дұрыс болуы қажет.

- Жаңа «Л және Р» дыбыстары туралы айтып кеттіңіз, сонда бала үшін ең қиын дыбыстар ма?

- Кей балалар үшін «ысқырық», «ызың» дыбыстары қиын болса, басым көпшілігі сонорлы л, р дыбыстарына қиналып жатады. Сондай-ақ, «ң» дыбысын дұрыс айта алмайтын жандарды кездестіреміз. Ұ-ды айтқан кезде тілдің арты жоғарғы таңдайға тіліп тұру керек. Бұл да бала кезінде түзету жұмыстары жүргізілмей қалғаннан. Сөйтіп ң-ды айтпауды әдетке айналдырады. Қазір оны түзеуге болады. Ол үшін күш-жігер керек.

- Қалада өсіп келе жатқан балалардың тілінде орысша акцент бар. Ұ-ды айта алмау осындан басталатын сияқты. Осындай балаларға қалай көмек беруге болады?

- Бұл дегеніміз – екі тілділік немесе ғылыми тілде «блингвизм». Яғни баланың сөйлеу тілі бір тілде толық шықпаған, сонымен қоса басқа тілді қосып сөйлеуі. Қалада балалар үйде қазақша, сыртта орысша сөйлейді.

Әкесі орысша, шешесі қазақша сөйлейтін отбасылар бар. Бұл да баланың дыбысты дұрыс айтуына кедергі болуы мүмкін. Әсіресе ң, ғ дыбыстарын айту қиынға түседі. Баланың тілін ерте түзету маңызды. Сөйлеуінде кішкентай кемшілікке назар аудармаса, кейін оның өміріне кері әсерін тигізуі мүмкін.

- Әдетте тұрғындар логопедке көбін қандай мәселемен келеді?

Осыдан 10-15 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда қазір логопедке жүгінуге көбейгені мәлім. Оған себеп қайсы?

- Әрине, себеп сан түрлі. Кей жағдайда ата-ана сауаттылығына байланысты ерте қолға алып жатады. Қазіргі замандағы үлкен мәселенің бірі – баланың теледидарды көп көруі, ұялы телефонмен көп ойнауы. Баламен жұмыс жасамаған соң тілі кеш шығып қалады. Егер бала 2-3 жасында нашар сөйлесе немесе 3-6 жасында баланың сөзі түсініксіз болса, сөйлем құрылымы дұрыс емес болса міндетті түрде логопедке қаралған дұрыс. Сондай-ақ, баланың сөздік қоры жасына сай келмесе, сөзінде етістіктерді, сан

есімді, сын есімді аз қолданса, сөзінде байланыс болмаса, өлеңдерді нашар жаттаса ата-ана ертерек қамданғаны жөн.

- Баланың дұрыс сөйлей алмауына отбасындағы жағдайлар қаншалықты әсер етеді?

- Қазақта жақсы сөз бар «балаңды аясаң аяма» деген. Сіз қаншалықты нәріңізді бересіз, соншалықты жемісін көресіз. Көңіл бөлу керек деп асыра сілтеп еркелетіп тастаудың қажеті жоқ. Бүгінде баланы кей ата-ана көп нәрседен шектеп қойған. Көзінен таса қылмай, жанынан бір елі ұзаса мазасызданады. Сыртқа шықпайды, ғаламторға байланған. Ал, ғалымдар тілдің дамуына бала қолының ұсақ моторикалары, яки қол бұлшықеттері мен саусақтарындағы нүктелер әсер етеді деп дәлелдеген. Сондықтан оны күніне бір мезгіл топырақта ойнатқан абзал. Балаға телефон бермей, мультфильмдерді көп қаратқызбай көбірек сөйлесу қажет, қырақ түрлі жаттығу жасаған да пайдалы. Ертегі кітаптарын, арнайы жазу дәптерін, құрастырғыш, санамақ алып беру керек. Заман дамыған, не керектің бәрі бар. Құлақ тыныштығын ойлап телефон бере салудың арты айықпас дертке ұшыратуы мүмкін.

- Баланың тілі анық, әдемі шығуы үшін қандай жаттығу жасау керек?

- Арнайы ауыз қуысына арналған жаттығу түрлері бар. Сонымен қатар сөйлеу тілінің қалыптасуына саусақ жаттығулары, рөлдік ойындар, быш ұйқастары және де қысқа ертегілердің қосар үлесі зор. Баламен жұмысты ерте жастан бастау керек. Баламен үнемі сөйлесіп, оның жауабын тыңдау керек. Бала сөйлескенді, оны тыңдағанды ұнатады. Бала сөз тіркестерін қолдану арқылы не істегенін айтып отыру керек. Айта алмай жатса көмектесіңіз. Серуендеу кезінде әңгімелесіп, жаңа сөздерді бірнеше рет қайталаңыз. Балада сөздер еліктеу арқылы пайда болады. Яғни ересектердің сөйлегеніне еліктейді, соны қайталайды. Осы ретте баламен тілдескенде, «бұжай», «ап дейсің бе» деген сияқты тіркестерді қолдануға болмайды. Барынша анық, түсінікті сөйлессеңіз жеткілікті.

- Сұхбатыңызға рақмет
Әңгімелескен:
Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ОБРАЗОВАНИЕ

Успешность достижений ребенка зависит от того, кто и как влияет на его воспитание и развитие. Основными задачами воспитания на современном этапе развития общества являются: формирование у учащихся гражданской ответственности и правового самосознания, духовности и культуры, инициативности и самостоятельности, способности к успешной социализации в обществе. Большую часть времени ученик проводит в школе и дома, поэтому важно, чтобы требования педагогов и родителей не противоречили друг другу, а положительно и активно воспринимались ребёнком. Это осуществимо, если педагоги и родители станут союзниками и единомышленниками, будут решать проблемы воспитания согласованно.

Сегодня одна из главных задач школы – создание педагогической системы, основанной на взаимодействии педагогического, ученического и родительского коллективов как равноправных партнеров.

Как сделать общение с родителями живым? Как привлечь родителей в школу? Как создать условия, чтобы им захотелось с нами сотрудничать? Как сделать так, чтобы на родительском собрании присутствовали почти все родители? Семьи очень разные, у каждой свои проблемы и трудности, поэтому невозможно дать готовый, единственно правильный ответ на вопрос о том, как взаимодействовать с семьей. Многие зависят от интуиции, мастерства педагога, который должен проанализировать комплекс различных обстоятельств, чтобы принять нужное решение в выборе способов и средств взаимодействия с родителями и ребенком в конкретной ситуации.

Огромную роль в сотрудничестве родителей учеников и классного руководителя играет родительский комитет класса. От того, насколько слаженно и ответственно подходит к своей деятельности родительский комитет, зависит атмосфера в классном коллективе, взаимоотношения родителей друг с другом, общение взрослых и детей.

Многолетний опыт работы убеждает, что успешность взаимодействия учащихся, педагога и родителей в значительной степени зависит от наличия общей цели, увлечения, идеи. У каждого классного коллектива должна быть своя «изюминка», свое лицо. Этим объединяющим началом может стать увлечение путешествиями, театром, туризмом, спортом, волонтерская работа. Чаше всего инициатива исходит от увлеченного педагога, которому удается заразить этим детей и родителей. Иногда

ВАЖНЕЙШАЯ ОПОРА КЛАССНОГО РУКОВОДИТЕЛЯ

кто-то из родителей, поддержанных классным руководителем, становится таким генератором идей. Но всегдого это дает положительный эффект: формируется система работы на основе коллективного дела, интересного большинству и учащимся и их родителям. Каждый ученик и родитель находят в этой системе свое место, выполняют дополнительные функции, учащаются взаимодействовать в различных ситуациях. Для всех это – прекрасная возможность посмотреть друг на друга по-новому. Многие родители делают для себя открытие – оказывается можно интересно отдыхать семьей не только в очередном торгово-развлекательном центре. Для многих детей из неполных семей появляется возможность получить общение с отцами – мужское воспитание. Часто классные дела перерастают в многолетнюю дружбу между семьями. Родители знакомятся с кругом общения своего ребенка. Такие классные коллективы в любой школе всегда яркие, очень активные, как правило, они становятся лидерами всех школьных конкурсов и соревнований.

Именно такие люди входят в родительский комитет 8-Б класса: Иманбаева Ляззат, Иманбаев Сагатбек, Нуртаева Гульжан, Нуртаев Аскар, Идмирова Инна, Даулбаев Берик, Даулбаева Динара, Ладушкина Любовь, Лебедева Луиза, Заворотинская Ла-

риса и председатель Байсеитова Жанна, человек с активной жизненной позицией, энергичный и неравнодушный - это опора классного руководителя, они успешно решают общие задачи, выступают инициаторами многих идей и делают жизнь детей интересной и содержательной.

Четкая, хорошо отлаженная, мобильная команда, которая организует конкурсы, экскурсии, поездки, посещение театра, музеев, проводит праздники, спортивные соревнования, туристические походы, выставки творческих работ, принимают участие в различных акциях «Подари школе книгу», «Читающие родители - читающий ребенок», «Читаем всей семьей», «Приглашаю на свою работу», «10 добрых дел за Казахстан». Принимают участие в конкурсах районного масштаба, тому пример: «Парасатты отбасы», «Менің отбасым» и т.д.

В классе силами родителей организован танцевальный клуб, клуб «Шахматы и шашки» и музыкальный кружок «Домбра». Совместная подготовка к выступлениям, репетиции, пошив костюмов и обязательно в зале присутствия родителей – самых дорогих и значимых людей в жизни каждого ребенка...

В работе по всем направлениям родители 8-б класса принимают самое активное участие и часто берут инициативу в свои руки: организация социальной помощи учащимся и семьям, оказавшимся в сложной жизненной ситуации, выбор методов поощрения учащихся класса за различные успехи и достижения, ремонт кабинета, питание детей в школьной столовой, решение хозяйственных – бытовых вопросов, проведение рейдов, спонсорская и благотворительная помощь - это и многое другое входит в компетенции родительского комитета.

От успешного взаимодействия выигрывают все стороны. Родители видят, как живёт класс, каждый рад видеть успехи своего ребёнка не только в учёбе, но и в творческом плане. Возникает желание встретиться вновь и вновь - и у



родителей и у детей. Положительным результатом сотрудничества для педагогов становится повышение уважения со стороны родителей, улучшение межличностных взаимоотношений с ними, повышение авторитета в глазах детей, родителей, большая удовлетворённость своей работой, более творческий подход к ней.

Для родителей результатом взаимодействия становится лучшее знание детей и школьных программ, уверенность в том, что при обучении учитываются их мнения и пожелания, ощущение своей значимости в школе, уважение, общение и улучшение общения с детьми. Для детей выигрыш очевиден. Он проявляется в лучшем отношении к школе, к учёбе, в развитии их знаний и умений, успешном социальном положении.

Жанета РАИМБЕКОВА,
Заместитель директора
по воспитательной работе
Карабулакской средней



«ПАРАСАТТЫ ОТБАСЫ» ЖАКЕН АЙДАНЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?


ӨРІС Интернет бұрыннан бері көптеген міндетті шеше отырып өмірімізге етене еніп келеді. Әдетте біз ғаламтордан тауарлар сатып аламыз, төлемдер жасаймыз, билеттерді сатып аламыз және тапсырыс береміз. Тіпті, ғаламтор арқылы кездесеміз және сөйлесеміз. Интернет біздің өмірімізді жеңілдетуге арналған. Сол мақсатта электрондық үкімет порталы құрылды - www.egov.kz.



Электрондық үкімет порталы арқылы сіз қоршаған ортаға шығарылым жасауға рұқсат алуға, қоршаған орта туралы экологиялық экспертиза алуға, рұқсат алуға өтінім және ниет білдіру хат бойынша жүгінуге болады. Соңғы уақытта мемлекеттік қызметтерді электронды түрде ұсынудың айтарлықтай өсуі байқалды. Бастысы кезекте уақыт жоғалтудың керегі жоқ. Қызметтерді алуға қажетті құжаттар туралы ақпарат веб-сайтта, сондай-ақ қажетті мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алудың артықшылықтары: - порталға тәулік бойы қол жетімділік – кез келген уақытта, мереке және демалыс күндеріне қарамастан кез келген компьютер, планшет немесе ұялы телефон арқылы мемлекеттік қызметтерге жүгінуге; - қызметтерді кез келген және ыңғайлы жерден алу; - мемлекеттік қызметтерге қол жетімді түрде тапсырыс беру туралы толық және сенімді ақпарат; - кезек жоқ; - уақытты үнемдеу, қызмет мерзімін қысқарту; - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болмауы, өйткені мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл «жеке кабинет» арқылы жүзеге асырылады; - мемлекеттік қызмет көрсетуде бюрократия мен жұмыстан кетудің болмауы; - рәсімнің айқындылығы, көрсетілетін қызметті алушыға оның сұранысы бойынша мемлекеттік қызметті жүзеге асыру сатысы туралы хабарлау. Ең маңызды артықшылығы - мемлекеттік қызметтерді электронды түрде оңай әрі ыңғайлы алуға болады.

Азат БЕЙСБЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Алматы облысы бойынша департаментінің
бас маманы

◆ QŪLAQTANDYRU ◆ МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ЖАЛҒАСУДА



Үстiмiздегi жылды 1-қаңтарынан бастап үкiметтiк емес ұйымдардың қызметi туралы мәлiметтердi YEҰ дерекқорына ұсынудың кезектi мерзiмi басталды. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңының 41-бабы 5-тармағына сәйкес мәлiметтер жыл сайын 31 наурызға дейiн жолдануы тиiс. YEҰ дерекқорына мәлiметтер беру мемлекеттiк әлеуметтiк тапсырыс және мемлекеттiк гранттар шеңберiнде әлеуметтiк бағдарламалар мен әлеуметтiк жобаларды iске асыруға, сондай-ақ YEҰ үшiн сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшiн мiндеттi шарт. YEҰ дерекқорына өз қызметi туралы мәлiметтер ұсынбаған ұйымдар конкурстық рәсiмдерге жiберiлмейдi.

Айта кетейiк, YEҰ дерекқорына тiркелу ұйымдарға қазақстандық YEҰ-дың табысты жобаларымен танысуға, тәжiрибе алмасуға, ынтымақтастық пен серiктестiк орнатуға мүмкiндiк бередi. Мәлiметтер «Үкiметтiк емес ұйымдарымен өз қызметi жөнiндегi мәлiметтерiн ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекiту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрiнiң 2016 жылғы 19 ақпандағы №51 бұйрығымен бекiтiлген нысан бойынша ұсынылады. Үкiметтiк емес ұйымдардың қызметi туралы мәлiметтердi келесi тәсiлдердiң бiрiмен ұсына алады:

- 1) YEҰ Дерекқорының <https://infonpo.gov.kz/> интернет-порталы арқылы (интернет-порталда авторизациядан өту ХҚКО-да алынған заңды тұлғаның ЭЦҚ кiлтiнiң көмегiмен мүмкiн болады);
 - 2) үкiлеттi органға қағаз және электрондық тасығыштарда (Word форматында CD-дисктерде немесе USB-флэш-жинақтаушыларда) пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынады (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 «Министрліктер Үйі», 15-кіреберіс).
- YEҰ Дерекқорына мәлiметтердi ұсынбау, уақтылы ұсынбау және толық емес немесе көрiнеу, жалған мәлiметтердi ұсынғаны үшiн ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершiлiкке көзделген.
- Осы орайда, үкiметтiк емес ұйымдарды 2022 жылдың 31 наурызына дейiн YEҰ Дерекқорына infonpo.gov.kz ақпараттық ресурсы арқылы 2021 жылғы қызмет туралы мәлiметтердi тапсыруға шақырамыз.

ЖТІ НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫҢ

◆ АҚПАР ҚР АШМ АӨК МИК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы өсімдік тектес карантинге жатқызылған өнімді шығару тәртібі төмендегідей екенін аудан тұрғындардың назарына ұсынады:

Ауданда өсірілген немесе жиналған өсімдік тектес өнімдер «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11-ақпандағы №344-1 ҚР заңына сәйкес карантинге жатқызылған өнімді әкетуге уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері беретін сертификат болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Атап айтқанда: карантинге жатқызылған өнімді ҚР аумағында тасуға карантиндік сертификат болған жағдайда; жатқызылған өнімді ҚР-нан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат болған жағдайда.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтер, яғни карантиндік және фитосанитариялық сертификаттарды беру, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін анықтау тегін жүргізіледі. Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру:

«Азаматтарға арналған үкімет», «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы; көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; «электронды үкіметің», «www.egov.kz, www.Elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы жүзеге асырылады.

Қарабұлақ ауылы, Оразбекова көшесі 52, Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы атаулы қызметтерді жүзеге асырады. Сонымен қатар карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік және фитосанитарлық сертификаты болмаған жағдайда «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11-ақпандағы №344-1, Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабы талабының бұзылғанының айқын көрінісі. Осыған байланысты өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлары жеке және заңды тұлғаларға ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы кодексінің 400-бабының тиісті тармақтарына сәйкес айыппұл салуға құқылы.

Д.ИСКАКОВ,
Ескелді ААИ Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

ПРОФИЛАКТИКА ОНКОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

◆ ЗДОРОВЬЕ *Рак – это общее название для обширной группы онкологических заболеваний. Нормальные клетки в организме растут, делятся и умирают упорядоченно. В детстве клетки делятся и растут бурно, когда человек взрослеет, процесс деления и роста замедляется, и клетки размножаются только для восстановления поврежденных и замены изношенных или умирающих клеток. Все типы рака начинаются, когда клетки тела начинают расти бесконтрольно. Вместо того, чтобы умереть, раковые клетки продолжают расти и размножаться. Кроме того, они активно делятся и производят новые бессмертные поврежденные клетки.*

Признаки рака:
Необъяснимая потеря веса. Необъяснимое снижение веса на 4-5 кг или больше, может быть первым признаком рака; Повышение температуры (лихорадка). Повышение температуры часто наблюдается при раке, но чаще всего происходит после того, как рак метастазировал; *Повышенная утомляемость (усталость).* Усталость – может быть важным признаком того, что опухоль растёт. Усталость может возникнуть рано при некоторых видах раковых заболеваний, например, при лейкемии; *Изменения кожных покровов.* Наряду с раком кожи, некоторые другие формы рака могут вызывать видимые изменения кожи в виде потемнения кожи (гиперпигментация), пожелтения (желтуха), покраснения (эритемы), зуда и избыточного роста волос;

Боль
Боль может являться ранним признаком нескольких опухолей, например, костей или яичка. Чаще всего боль из-за рака означает, что опухоль уже дала метастазы. **Наряду с общими признаками, Вы должны обращать внимание и на некоторые другие общие признаки, которые могут указывать на рак:** нарушения стула или функции мочевого пузыря; незаживающая рана или язва; белые пятна в ротовой полости, или белые пятна на языке; необычные кровотечения или выделения; утолщение или уплотнение в груди или других частях тела; несварение желудка или затруднённое глотание; изменения в бородавке, родинке или любые новые изменения кожи; раздражающий длительный кашель или охриплость голоса. Однако, данные симптомы могут быть и при других заболеваниях, поэтому правильный диагноз может поставить только врач в специализированном медицинском учреждении. Помните, что болезнь легче предупредить, чем лечить, **необходимо только вовремя прийти к врачу.**

Р.ВАЛИЕВ,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ врач онколог



◆ SAUAL SIZDEN - JAUAP BIZDEN

СУРАҚ: ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЦҚ-СЫЗ ОНЛАЙН АЛУҒА БОЛАДЫ?



Елімізде 637 мемлекеттік қызметті онлайн алуға болады. Әдетте көпшілік оларды алу үшін ЭЦҚ міндетті түрде қажет деп ойлайды. Бірақ ЭЦҚ-сыз алуға болатын сұранысқа ие қызмет түрлері де бар. Атап айтқанда, 138 танымал қызметті SMS-құпиясыз арқылы алуға болады. SMS-құпиясыздың көмегімен сіз жылжымайтын мүліктің техпаспортын немесе оның телнұсқасын алуға өтінім беру, уақытша тіркеуге тұру, аты-жөнін өзгерту, жұмыссыз ретінде тіркелу, жер телімдерінің мемлекеттік актісі секілді танымал қызметтер мен анықтамаларды ала аласыз. Сондай-ақ мүгедектік пен әлеуметтік жәрдемақыларды да осылай рәсімдеуге болады. Бір реттік пароль арқылы қолжетімді мемлекеттік қызметтер тізімі үнемі толықтырылып отырады. Толық тізімді egov.kz порталында көруге болады.

СУРАҚ: ДИСТАНСЕРЛІК ЕСЕПТЕ ТҰРҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ ТЕГІН НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Ол үшін тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгіну керек. Сондай-ақ egov.kz порталы арқылы да өтінім беруге болады. Egov.kz арқылы өтінім беру тәртібі өте қарапайым. Порталда ЭЦҚ немесе бір реттік құпиясыз арқылы авторизациядан өтсеңіз болды. Қызметтің толық атауы - «Азаматтардың келеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру». Ары қарай қызметті онлайн алу батырмасын басып, дәрігердің берген медициналық рецептісінің берілген және аяқталатын күнін толтырыңыз. 5 минуттың ішінде өтінішіңіздің жауабы келеді. Естеріңізге сала кетейік, дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікпен сатып алғанда науқастың жеке құжаты керек.



◆ TIN ◆ ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫМЕН КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ

Сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Атаулы індет әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді. Елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі – сыбайлас жемқорлықты жеңу. Бұл мәселеге бүкіл әлемде маңыз бергені кездейсоқ емес. Қоғамның жегі құртына қарсы заңнаманың құрылымы мен мазмұнын реттейтін негізгі құжат – Біріккен Ұлттар

Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы. Бұл - Бас ассамблеяның 2003 жылғы 31 қазандағы 58/4 қарарымен қабылданған. Бұл қарар бірінші және ең маңызды халықаралық құқықтық құжат. Оның 5-бабында әрбір қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі қағидаттарына сәйкес қоғамның қатысуын жеңілдететін және заң үстемдігі қағидаттарын көрсететін тиімді және үйлесімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеуге және іске асыруға, қоғамдық істер мен қоғамдық меншікті дұрыс басқару, адалдық пен кіршіксіздік, ашықтық және жауапкершілікке бағытталған.

Осы аталған саладағы қабылданған Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және

ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда. Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

А.БАШАБЕВА,
аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРҒА (АЗАМАТТАРҒА) ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Ескелді ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

- Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ескелді ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі айқындалсын. Көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ескелді ауданында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға);

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға; коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар үлесі 10 (он) пайыз мөлшерінде.

Аз қамтылған отбасының (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау «Ескелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырылады.

3. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға «Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №226 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20498 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен есептейді.

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсалатын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі мен аз қамтылған отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының арасындағы жергілікті өкілді орган белгілеген айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде бір адамға 15 (он бес) шаршы метрден кем емес және 18 (он сегіз) шаршы метрден артық емес, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем емес аудан нормасы қабылданады.

5. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Аз қамтылған отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүгінеді.

Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде шығыстар сметасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шоттары бойынша жеткізушілер ұсынған ай сайынғы журналдар туралы шоттарға бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тиісті қаржы жылына арналған аудан бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

9. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жолымен жүзеге асырады.

ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ РАЗМЕРА И ПОРЯДКА ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ МАЛООБЕСПЕЧЕННЫМ СЕМЬЯМ (ГРАЖДАНАМ) ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

В соответствии со статьей 97 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2009 года № 2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи», Ескельдинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Определить размер и порядок оказания жилищной помощи Ескельдинского района согласно приложению к настоящему решению.

Приложение к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

РАЗМЕР И ПОРЯДОК ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ

1. Жилищная помощь предоставляется за счет средств местного бюджета малообеспеченным семьям (гражданам), постоянно зарегистрированным и проживающим в жилище, которое находится на праве собственности как единственное жилище на территории Республики Казахстан, а также нанимателям (поднанимателям) жилища из государственного жилищного фонда и жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, на оплату:

расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума;

потребления коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций;

расходов за пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде.

Доля предельно допустимых расходов к совокупному доходу малообеспеченной семьи (гражданина) в размере 10 (десяти) процентов.

Расходы малообеспеченной семьи (гражданин), принимаемые к исчислению жилищной помощи, определяются как сумма расходов по каждому из вышеуказанных направлений.

2. Назначение жилищной помощи осуществляется государственным учреждением «Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района» (далее – уполномоченный орган).

3. Совокупный доход малообеспеченной семьи (гражданина) исчисляется уполномоченным органом за квартал, предшествовавший кварталу обращения за назначением жилищной помощи, в порядке, определяемом приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан «Об утверждении Порядка исчисления совокупного дохода семьи (гражданина Республики Казахстан), претендующей на получение жилищной помощи» от 24 апреля 2020 года № 226 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 20498).

4. Жилищная помощь определяется как разница между суммой оплаты расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума, потребление коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, и предельно допустимым уровнем расходов малообеспеченных семей (граждан) на эти цели, установленным местным представительным органом.

При назначении жилищной помощи принимается норма площади в размере не менее 15 (пятнадцати) квадратных метров и не более 18 (восемнадцати) квадратных метров полезной площади на человека, но не менее однокомнатной квартиры или комнаты в общежитии.

5. Выплата компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально-защищаемым гражданам осуществляется в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2009 года № 512 «О некоторых вопросах компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально защищаемым гражданам».

6. Для назначения жилищной помощи малообеспеченная семья (гражданин) (либо его представитель по нотариально заверенной доверенности) обращается в Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация) или посредством веб-портала «электронного правительства», согласно Правилам предоставления жилищной помощи, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2009 года № 2314.

Срок рассмотрения документов и принятия решения о предоставлении жилищной помощи либо мотивированный ответ об отказе со дня принятия полного комплекта документов от Государственной корпорации либо через веб-портал «электронного правительства» составляет восемь рабочих дней.

7. Жилищная помощь оказывается по предъявленным поставщиками сметам о ежемесячных взносах на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума согласно смете расходов и сметам на оплату коммунальных услуг за счет бюджетных средств малообеспеченным семьям (гражданами).

8. Назначение жилищной помощи осуществляется в пределах средств, предусмотренных в бюджете района на соответствующий финансовый год малообеспеченным семьям (гражданами).

9. Выплата жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданами) осуществляется уполномоченным органом через банки второго уровня путем перечисления начисленных сумм на лицевые счета получателей жилищной помощи.

ПОКАЗАТЕЛИ НАДЕЖНОСТИ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЯ

Согласно пункту 8 Правил определения нормативных значений показателей надежности электроснабжения энергопередающая организация ежегодно не позднее 20 января, следующего за отчетным, направляет в ГУ «Территориальный департамент Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики РК по Алматинской области» (далее – Департамент) информацию о показателях надежности электроснабжения по форме, согласно приложению 2 к настоящему Правилу, и Журнал отключений на бумажном носителе.

При наличии отключения электроснабжения потребителей по при-

чине технологических нарушений за пределами электрических сетей энергопередающей организации согласно настоящим Правилам к Журналу отключений прилагаются копии актов расследования технологического нарушения и актов раздела границ балансовой принадлежности и эксплуатационной ответственности сторон.

Кроме того, Департамент сообщает, что согласно статьи 300-1 Кодекса РК «Об административных правонарушениях» за превышение энергопередающими организациями утвержденных нормативных значений показателей надежности электроснабжения предусмотрена административная ответственность.

Е.НАРМУРАТОВ,

руководитель департамента

101 СООБЩАЕТ ПАВОДКИ

В регионе начинается период весеннего половодья (подъем воды от таяния снега и вскрытия рек), которое гидрологи прогнозируют заранее. В период половодья (март-май) вода, как правило, поднимается надолго. Большинство наводнений удается прогнозировать и, тем самым, уменьшить потери. Сложнее прогнозировать паводок – резкий и непродолжительный подъем воды из-за ливневых осадков. Паводкоопасный период длится дольше половодья, подтопления местности возможны на протяжении всего сезона дождей с апреля по сентябрь.

Несмотря на все меры, принимаемые исполнительными органами и службами гражданской защиты, каждый человек сам отвечает за свою жизнь и безопасность на водных объектах.

Люди, живущие вдоль берегов рек и в местности, попадающей в зону подтопления, должны знать и всегда помнить, если ваш дом попадает в зону возможного подтопления, то вам предстоит эвакуироваться (времененно поки-

нуть дом). При получении прогноза о наводнении Вам необходимо:

- отключить газ, воду и электричество; погасить огонь в печах;
- перенести на верхние этажи (чердаки) ценные предметы и вещи;
- подготовить теплую удобную одежду, сапоги, одеяла, деньги и ценности;
- собрать трёхдневный запас питания; подготовить аптечку первой помощи и лекарства, которыми вы обычно пользуетесь;
- вернуться в непромокаемый пакет паспорт и другие документы;
- всегда иметь под рукой номер телефона единой дежурно-диспетчерской службы.

Помните, что от умения правильно действовать в условиях чрезвычайной ситуации и умения правильно использовать полученную информацию зависит Ваша жизнь и жизнь Ваших близких. В случае возникновения чрезвычайной ситуации звоните по телефонам: «01», «101» или «112».

Абылай НАЙЗАБЕКОВ,
Начальник ОЧС
Ескелдинского района

ГАЗДАН УЛАНУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

Улы газ – өнімдерінен шығатын ең улы компоненттердің бірі. Иіс тию адамды қиын жағдайға әкелуі мүмкін, кейде өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың иісі де, түсі де, дәмі де жоқ. Ол жану процесі бар барлық жерде, тіпті пеште пайда болады. Өкінішке орай, оның құрбандары көбінесе адамдар болады.

Әдетте, тұншықтырғыш газбен улану ақауы бар пешпен жылыту нәтижесінде, өрт ошағында адам болған кезде, қозғалтқышы қосылған жабық автомобильде орын алады.

Тыныс алу кезінде улы газ ағзаға түсіп, өкпе арқылы қан жүйесіне өтеді. Қанға түскен соң ол гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде қан оттегі тасымалдау және жеткізу қабілетін жоғалтады. Адам ағзасында оның жетіспеушілігі айқын байқалады. Бірінші кезекте ми зардап шегеді. Өзге ағзалар да зардапсыз болмайды.

Улы газ – аса қауіпті. Ол тез және байқаусыз өрекет етеді. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

Әлішер ДУБЕКОВ
Ескелді ауданы
ТЖБ бас маманы

ОСТОРОЖНО: ТОНКИЙ ЛЕД!

С наступлением первых заморозков вода в водоемах покрывается льдом. С образованием первого льда люди выходят на водоем по различным причинам. Можно значительно сократить маршрут при переходе с одного берега на другой, лихо прокатиться по гладкой и блестящей поверхности на коньках, поиграть хоккей и т.д. Но нельзя забывать о серьёзной опасности, которую таят в себе только что замёрзшие водоёмы. Первый лёд коварен. Не торопитесь выходить на первый лёд, он только кажется прочным, а на самом деле он тонкий, слабый и не выдержит тяжести не только взрослого человека, но и ребёнка. Молодой лёд отличается от старого более тёмным цветом и тонким ровным снежным покровом без застрогов и надувов.

Категорически запрещается испытывать прочность льда ударом ноги или прыжками. В этом случае сразу можно провалиться под лёд. Не выходить в темное время суток. Двигаясь по льду в составе группы, идти друг за другом на расстоянии 5-6 м., обходя площадки, покрытие толстым слоем снега, прогалины на снежном покрове, тёмные пятна, предупреждающие наличие плати-

ны. Катание на льду, игры, спортивные соревнования и т.д. требуют тщательной подготовки льда. Он должен быть толщиной не менее 10 см на одного человека, а при массовом катании – не менее 25 см.

Но если все-таки случилась с вами беда:

- не поддавайтесь в панике;
- не надо барахтаться, наваливаться всем телом на тонкую кромку льда;
- широко раскиньте руки, чтобы не погрузиться с головой в воду;
- без резких движений отползайте как можно дальше от опасного места в направлении, откуда пришли;
- зовите на помощь;
- удерживая себя на поверхности воды, старайтесь затрачивать на это минимум физических усилий.
- Убедительная просьба родителям: не отпускайте детей на лёд (на рыбалку, катание на лыжах и коньках) без присмотра;
- это ведь так просто, соблюдать правила поведения на воде, водоёмах.
- Выполнение элементарных мер предосторожности – залог Вашей безопасности и безопасности ваших детей!

Ербол ТУЛЕНДИНОВ,
инженер ОЧС
Ескелдинского района

МҰХТАР МАҒАУИН:

«ХАНЫМ»

«Халифтен» өткен сорақы жағдай. «Ханым» – бұрнағы хандық заманда өз тұлғасындағы, кейінгі әдеби қолданыста және де мағынасы өзгермеген саяси-этнографиялық атау – «ханның әйелі», «патшайым» деген сөз. Ал қазір кез келген әйел заты «ханым» аталатын болды. Бәлкім, қай-қайсы да бұрынғы «ханымға» теңдес, тіпті, артықша болар, бірақ неше қайыра айтқанымыздай, әр нәрсенің өзіне ғана тән атауы бар, мәселен, теректі – емен, жылқыны – түйе деп танымайтынымыз сияқты.



«Ханым» – әуелгіде, қазіргі де нақты мағынасы – «ханның қатыны», бүгінгі майысқақ тілге көшірсек, «ханның жұбайы» деген сөз. Онда қазақ жерін қаптап кеткен әлденеше миллион «ханым» қайдан шықты – ешқандай жұмбағы жоқ: орыста – «дамы и господа», ағылшында «леди... дженительмен». Осыдан сәйкес, ер кісілеріміз ешқандай талассыз – «мырза» болып шықты, ал әйел заты... «әйелдер» десек, сөкет көрінеді, «қатындар» десек – сұмдық, бұдан гөрі көтеріңкі сөз қаперге келмеген, ақыры аспандап, «ханымға» жеттік. Шынында, байырғы қазақ тілінде балама сөз бар еді – «айым» деген. Бізге қарағанда зердесі тұнық қырғыз бірден тапты «мырзалар мен айымдар!» Сонымен, ерте ме, кеш пе, «мырзалардан» соң «айымдар» тұрға тиіс. Немесе, қазіргі әйелді алдыға шығаратын мәдениетіміз бойынша, «айымдар мен мырзалар».

Бұл «айым» біздің бүгінгі тілімізге де жат емес – «торағамен» сыңарлас «торайым» бар ғой. Енді, реті келіп қалған соң айта кетейік, совет заманында тілімізден аласталған «қатын» – «тәрбиелі» кісі шошынардай тұрпайы сөз емес, әйел затына құрметтің айрықша көрінісі. Әуел баста, Ежелгі Түрік, одан соңғы Қыпшақ пен Хорезм, Шыңғыс хан ұлысы, тіпті, кейінгі Осман империясының өзінде «қатын» – «императрица» деген сөз. Ұлы қаған Шыңғыстың қаншама құмасы, яғни некесіз әйелі болса, тұрақты төсекте, таңдама бесеуі ғана «қатын» атанған. Сұлтан гәремдерінде әлденеше жүз құма мен қызметші кәнизак бар, ал некелі «қатын» («қадын») саны төртеуден аспаған. Кейінде, империялар ыдырап, хан мен кара тенеспесе де, заман өзгерген кезде әрбір қарашы (айттық, «қараша» емес) еркек өзінің нақсүйерін «сен хан қосағынан кем емессің» деп еркелетіп, «қатын» атай бастаған, ақыры, нақты күйеуі бар, тұрмыстан өткен ұрғашы атаулы түгел «қатын» болып шықты.

Советтік жыныс теңдігі кезеңінде адамзаттың екінші жарымын өз ныспысы бойынша, «қатын» атау кемшілік саналып, ілкіде аздық-көпті қолданысқа ене бастаған ғараби «әйел» сөзі қалыпқа түсті. Шын мәнісінде жоғары емес, кемшін атау. Алайда, әдебиет пен баспасөзде, ауызекі тілде түбегейлі орнығып кеткен сөздің әуелгі мағынасына сілтеме жасап жату – орынсыз, кез келген тіл қандай да сөзді өзіне сіңірген жағдайда, бастапқы мәнісі айна-қатесіз сақтала бермейді, мәселе – осы тілдегі түпкілікті қалыптасқан ұғымды қабылдауымыз керек. Қазақ тіліндегі «әйел» де өте әсем, терен мағыналы сөз. Қолдануынан шеттеу орынсыз және мүмкін де емес. Тек баяғы құрметті «қатынды» мүлде ұмытып кетпесек болғаны. «Әйелдің» күң емесі сияқты, бұл «қатын» да патшайым емес. Екеуі өзара синоним ретінде, қатарлас жүре беруге тиіс.

Ал бүгінгі қаптаған «ханым» – өздеріне лайықты «айым» мәртебесіне көшкені жөн.

Шүкіршілік ету – көп қырлы амалдың бірі. Алланың нығметін санасақ, санына жете алмасымыз – ақиқат. Міне осындай жоғары мәртебеге ие жаратылыс ретінде жер жүзінде сансыз нығметпен ризықтандырып, өмірдің саналуан жақсылығын нәсіп еткені үшін Аллаға құлдарының шүкіршілік етуі заңды емес пе?! Деніңіздің саулығына шүкір етіңіз, себебі біреулер дерт құрсауында жүр. Он екі мүшеңіз түгел болса шүкір деңіз, жарымжан болып туылып жатқандар қаншама? Ішерге ас, киерге киімнің болғаны үшін шүкір деңіз, себебі басқалар бұған да мұқтаж. Лашықтай болсын үйіңіздің барына шүкір деңіз, сондай баспана басқаларға арман. Жұмысым ауыр деменіз, жұмыс таба алмай жүрген жандар өте көп. Ата-анам ренжулімін деменіз, біреулерде олар да жоқ. Балаларым шаршатты деменіз, бір перзент сүйеге зар болып жүрген қаншама? Бейбіт елде, тыныш заманда өмір сүргеніміз үшін де шүкір етуіміз қажет. Айта берсек өте көп. Өрбіріміздің күндік емес апталық, айлық, керек болса жылдық азығымыз бар. Бұл да өз алдына шүкір етуді қажет етеді. Ал енді осы нығметтерге отбасы, бауыр, дос-жаран, әріптес деген нығметтерді және қосыңыз.

Асыл дініміз Исламдағы шүкіршілік айту – психологиядағы рахмет, алғыс айту техникасына ұқсас. Бір ерекшелігі шүкіршілік – Құдайға айтылатын болса, алғыс адамға арналады. Алла Тағалаға шын-ниетіңізбен, жүректен шүкіршілік айтсаңыз көңіл-күйіңіз көтеріліп, өмірге көзқарасыңыз өзгереді. «Егер шүкірлік етсеңдер, нығметімді арттыра беремін» деген Алла сөзінің ақиқатына көз жеткізіп келемін. Түсіңнен жанға бұл аяттың мағынасы терең. «Шүкір» деп сөзбен айту жеңіл, ал жан-тәнімен сезіну

ШҮКІРЛІК ҚЫЛЫП ЖҮРСІЗ БЕ?

БІЗДЕ БАРЛЫҒЫ БАР. БІРАҚ ОСЫ БАР НӘРСЕНІ БАҒАЛАП ЖҮРМІЗ БЕ? ҚОҒАМДА ЖЫЛАҢҚЫ АДАМДАР ТОБЫ КӨБЕЙІП БАРА ЖАТҚАН СЕКІЛДІ. КЕЙДЕ ЕШНӘРСЕГЕ КӨҢІЛІМІЗ ТОЛМАЙ, ЕШТЕҢЕНІ ҰНАТПАЙ ЖҮРЕТІН КЕЗІМІЗ БОЛАДЫ. САБЫР САҚТАП, ҚАНАҒАТ ЕТУДІ ҰМЫТЫП КЕТПІМІЗ. АШУЫМЫЗДЫ АЙНАЛАМЫЗДАН, ҚОҒАМНАН, ҚАЛА БЕРДІ БАУЫР ЕТІ БАЛАДАН АЛАМЫЗ. ӘРБІР НӘРСЕНІҢ ЖАҚСЫ ЖӘНЕ ЖАМАН ЖАҒЫ БОЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ТЕК ЖАҚСЫ ЖАҒЫН КӨРЕ БІЛСЕК, ӘМІР ӘЛДЕҚАЙДА ЖЕҢІЛ БОЛАР МА ЕДІ?! ЖАҚСЫЛЫҚТЫ КӨРУ, СЕЗІНУІМІЗ ҮШІН ӘРДАЙЫМ ШҮКІРШІЛІК КЕРЕК.



қиында. Өмірде түрлі жағдай болады. Біз ұнатпаған сәттер де кездесіп тұрады. Іс біз ойлағандай бағытта жүрмесе, шағымданып, қапаланамыз. Өзіміздің сәтсіздікке ұшырауымызды өзгеден көріп, кінәлауға бейімбіз. Бірақ мұның бәрі Алланың қалауымен болып жатқанын естен шығарып аламыз да, оған шүкірлік танытпаймыз. Шын

мәнінде, адамның күпірлік танытуға еш себебі жоқ. Керісінше оның өмірінің әрбір сәті шүкірлікке толы болуы керек. Біз бұл әлемде жоқ едік. Алла бізді жоқтан бар етіп жаратып, дене бітім беріп, жарық дүниені көру бақытын сыйлады. Әрбір секунд сайын бізге мейірім-махаббатын төгіп, қамқорлығын танытқан Аллаға қанша шүкір айтсақ та аз.

Д.АЛАШБЕК

Жылқы – ерекше есті түлік. Олар оқырану, кісінеу арқылы бір-бірін шақырады, жақын тартады, хабарласады. Оқыру, жеру, тарпу арқылы қауіп-қатерден сақтандырады, қарсыластарына айбар көрсетеді. Қасыну, иіскеу арқылы туыстық қатынастарын, үйірлік жақындықтарын анықтап, өзара танысады, түсініседі, жақындасып достасады. Құлағын жымыру, мойнын жерге салу арқылы бір-біріне сес көрсетеді, бір-бірін қайырады. Тебу, тістеу арқылы қарсыластары мен ұнатпағандарына соққы береді. Баққан иелеріне иіскеу, оқырану арқылы жақындық білдіреді, шоқтығын, кекілін үйкөп еркелейді. Иесінің шақырған бұйрығын қабылдап жанына келеді. Айдаса жүреді, қайтарса қайтады, мініп алып желдірсе желеді, шаптырса шабады, тоқтаса тоқтайды. Тіпті жат десе жатып, тұр десе тұрады. Шөлдегенін, қарны ашқанын иесіне кісінеу, оқырану арқылы білдіреді. Өте зеректері иесінен басқа адамға ұстатпайды, иесінен басқа адамға мінгізбейді.

Жылқы баққан иесінің мінез-құлқын, даусын, бұйрығын мүлтіксіз түсінеді. Боқтағанын, ашуланғанын өзін ұстап алса ұратынын сезіп ұстатпай қашады. Жақсы көргенін, еркелеткенін дауыс ырғағынан байқап иесіне жақындайды. Шақыру, айдау, бұйрық, демеу сөздерін қабылдай алады. Мысалы, «моһ-моһ, құру-құру», «тәк-тәк» десе тоқтайды. «Жиылындар» деген райда қикуласа өрістегі жылқылар жылады. Тіпті, әйгілі жүйрік аттар айғай, дүбір шықса немесе өзі бәйгеге салған рудың аты естілсе елеуреп, бәйгеге түссе үдей шабады.

Жылқының мейір-махаббаты күшті болады. Биелер құлыны ауырып қалса маңайынан ұзап кетпейді. Бір айлық жерге апарып тастаса да құлыны үшін бірнеше

ЖЫЛҚЫ ҚАСИЕТІН БІЛЕСІЗ БЕ?



күнде қайтып келеді. Айғырлар қасқыр тиссе үйірін шоқтай ғып иіріп, қасқырға айбар көрсетіп қорғайды. Сырттан үйіріне ұрғашы жылқы келсе қосып алып, еркек жылқы келсе жолатпай сауырлап қуып салады. Жылқы туыстық, қандастық қатынасты бұзбайды. Айғырлар өз үйірінен туған қандастық туыстығы бар биелерге шаппайды. Жылқыда кектену, өшігу сезімі болады. Ұрған, қинаған адамды тістейді, тебеді немесе ұстатпай қашады. Оқырып, адырандап, қарсылық білдіреді. Жылқының қызғану сезімі де өте күшті болады. Айғырлар өз үйіріне еркек мал жолатпаса, әдеттегі жылқылар да өзінің дара шөп жеп, су ішіп тұрған жеріне басқа малдарды жолатпай теуіп, тістеп қуып жібереді. Жылқы әр түрлі қауіп-қатерлер мен табиғат апатын да алдын ала сезіп, хабар бере алады. Мысалы, жер сілкінер кезде жылқы шұрқырап кісінейді, алдында қауіпті жағдай бар бол-

са, оқырып жүрмей қояды. Қыс қатты болатын жылы биелер ерте құлын тастап, өздерін қорғай бастайды. Қысы жылы жаққа қарай қашады. Жылқы өте жершіл болады. Кейбір жылқылар туған жеріне неше айлық жерден қашып келеді. Ал қашып келе алмағандары есақылынан айырылып, жүдеп өліп қалатындары да болады. Жақсы ат иесі жығылса қасында тұрады. Жақсы айғыр үйірін ұрыдан, ит-құстан қорғап, алдырмайды. Тіпті, кейбір айғырлар бөлек ниетті ат үстіндегі адамдарды алдыңғы екі аяғымен тарпып аттан қашады. Жылқыда кектену, өшігу сезімі болады. Жылқы үйірсек келеді. Бір айғырдың үйірі бірыңғай тобын жазбай жүреді, басқа үйірлерге қосылмайды. Жылқы көбінше жусайды, көп ұйықтамайды, мүлгіді, көп оттайды, аз жусайды, шөптің шүйінін тандап жейді. Жылқы өте қағылез, сергек, таза жануар, өз тегіне өзі қалай болса солай аунап жатпайды. Қазақ халқы жылқының осын-

ULTANU

дай қасиеттерін және басқа да жасырын ерекшеліктерін жетік меңгергендіктен жылқыны өте ерте замандардан-ақ қолға үйретіп бағып-баптап, оларды өз қажеттеріне толық пайдалана білген. Жылқы адамзат тұрмысы мен өндірісіне біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан аса ұзақ тарихқа және тамаша экономикалық өнімділікке ие жануар. Жесе тамақ, ішсе сусын, кісе киім, мінсе көлік және өндіріс құралы болған. Сән-салтанат, ойын-сауық, сондай-ақ ұлттық дене тәрбие қимылдары да жылқысыз өтпейді, жылқысыз сәні келмейді, кемдігі толмайды.

Қазіргі ғылым-техниканың қарыштап дамуы, адамдардың тұрмыс өресінің күн сайын жоғарылауымен, қоғамның жылқы өнімдеріне болған сұранысы күн сайын артып, бүкіл дүние жүзі назар аударып отырған өте бағалы экономикалық құнға ие мал түлігіне айналып отыр. Қазақ халқы өзінің басып өткен ұзақ тарихында жылқы өсірудің ғылыми амалдарын ашқан болса да, заман жылқып өткен сайын ұлтымыздың асыл қазынасы, ақыл-парасаттың иесі тарихи қатпарында көмескі қалып, өзімізге жат болып барады. Әуелі, десеңіз басқалар жағынан пайдаланылып баратқан жәйін көріп те жүрміз. Осы бір келелі жұмысты көзде ұстай отырып, қазақ халқының тарихи, әлеуметтік өміріндегі маңызды шаруашылықтың бірі, сахара мәдениетінің бір мақтаншы болған жылқы түлігінің тарихтағы орны, ерекше естілігі мен қасиеттерін дәріптеудегі мақсатымыз мұнан кейінгі зерттермен-деріміз бен жас ұрпақтарымыздың пайдалануға аза да болса септігі тиер деген ойдың жетегінде осы мақаланы қалың оқырмандарға ұсынып отырмын.

С.ҚАЛЫМБЕТ

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1500 Тиражы 3050 Тапсырыс 86 Көлемі 2 Баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.